

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ**

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия- интернаты» КММ**

ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ МАТЕРИАЛДАРЫ

Қостанай – 2024 жыл

Мазмұны

Негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттар		
1	Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы	
2	Кадрлық құрамға талдау	
3	Білім алушылардың контингенті	
4	Оқу-әдістемелік жұмыс	
5	Оқу-материалдық активтер	
6	Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры	
7	Білім алушылардың білімін бағалау	
8	Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары	
9	Қорытындылар мен ұсыныстар	

1-бөлім. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Білім беру ұйымының аталуы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «БІ. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Мектеп-гимназия-интернаты)
Орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы)	110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі, 118 үй
Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, веб-сайт)	телефон 54-56-94, 54-50-55 электронды поштасы: shodaltynsarin@edu.kz мектеп сайты: https://shodaltynsarin.edu.kz/
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ТАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер)	Білім беру ұйымының директоры – Келинбердиева Ырсалды Сиелхановна. Ұ.т.: 87773754757 Білім басқармасының 2017 жылдың 09 қазанындағы №269 бұйрығы негізінде өз қызметін жүзеге асыруда.
Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар	Қостанай облысының Әділет департаментінде 2022 жылы 26 қыркүйекте заңды тұлға болып қайта тіркеуден өткен. БСН 930640000301, коммерциялық емес мемлекеттік бюджет есебінен қаржыланатын мемлекет құрған ұйым. Мектеп-гимназия-интернат өз қызметін Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылдың 22 тамызындағы №366 қаулысымен бекітілген Жарғысы негізінде жүзеге асырады.
Рұқсат беруші құжаттар	Білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін №KZ73LAA00032740 2022 жылдың 27 қазанында «Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қостанай облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» ММ берген, негізгі орта, жалпы орта біліммен айналысуға құқық беретін лицензиясы №KZ73LAA00032740 лицензия қосымшасы негізінде: жалпы орта білім беру және негізгі орта білім беруді жүзеге асырады.

2-бөлім. Кадрлық құрамға талдау

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.

Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтар туралы мәлімет

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының бекіткен штат кестесіне сәйкес 2024 жылғы 1 маусымда мектеп педагогикалық қызметкерлермен жасақталған: 40 мұғалім және 16 тәрбиеші, оның ішінде мектеп басшысы-1, басшының орынбасарлары - 6, интернат-меңгерушісі – 1, менеджер – 1, психолог - 1, әлеуметтік педагог-1, аға тәлімгер-1.

1. Әкімшілік-басқару аппаратының құрамы туралы мәлімет:

Басшы: Келинбердиева Ырсалды Сиелхановна, 1975 туған жылы, білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы-26 жыл, осы мектепте-7 жыл, осы лауазымда-7 жыл.

Директордың орынбасарлары:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Касыбаева Аерке Терекбаевна - 1979 туған жылы, білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы-25 жыл, осы мектепте-16 жыл, осы лауазымда-4 жыл.

Директордың бейіндік оқыту бойынша орынбасары:

Токтамысова Гүлмира Карасаевна – 1974 туған жылы, білім жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 27 жыл, осы мектепте – 4 жыл, осы лауазымда – 10 жыл.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

Серикбаева Акмарал Нурбековна – 1982 туған жылы, білім жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 22 жыл, осы мектепте – 6 жыл, осы лауазымда – 6 жыл.

Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары:

Жаппасбаева Гүлбаршын Айткуловна – 1991 туған жылы, білім жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 11 жыл, осы мектепте – 2 жыл, осы лауазымда – 2 жыл.

Директордың шаруашылық жұмысы бойынша орынбасары:

Абдрахманова Агзера Гарибжановна, білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 7 жыл, осы мектепте – 1 жыл 7 ай, осы лауазымда 1 жыл 7 ай.

Интернат-меңгерушісі: Байдаулетова Бакыткугуль Кадыржановна- 1979 туған жылы, білім жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 19 жыл, осы мектепте – 12 жыл, осы лауазымда – 7 жыл.

Менеджер: Зулгариев Риза Дуйсенбайұлы – 1999 туған жылы, білім жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 3 жыл, осы мектепте – 3 жыл, осы лауазымда – 1 жыл.

Психолог – Умуртаева Гульмира Аузбаевна – 1981 туған жылы, білім жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 16 жыл, осы мектепте – 16 жыл, осы лауазымда – 16 жыл.

Әлеуметтік педагог:

Сальмагамбетова Сымбат Амангельдиновна - 2000 туған жылы, білімі жоғары, жұмыс өтілі: жалпы -1 жыл, осы мектепте - 1 жыл, осы лауазымда - 1 жыл.

Аға тәлімгер: Саин Думан Асқарұлы - 1996 туған жылы, білім жоғары, жұмыс өтілі: жалпы – 6 жыл, осы мектепте – 6 жыл, осы лауазымда – 1.

Мектеп әкімшілігінің мүшелері 100% жоғары білімді, орташа педагогикалық өтілі –22 жыл, орташа басқарушылық өтіл – 6 жыл. Оқу-тәрбие жұмысын іске асыратын әкімшілік құрамының 60% -ы педагог-зерттеуші, 40% -ы педагог-сарапшы мен модератор санатындағы тұлғалар.

2. Мектептің педагогикалық ұжымның кадрлық құрамы:

Мектеп әкімшілігі жұмысының негізгі бағыттарының бірі – педагогикалық кадр құрамын нығайту бойынша қызмет. Мектеп-гимназия-интернат басшысы педагогикалық ұжымды ҚР «Білім туралы» Заңына және мектеп Жарғысына сәйкес қалыптастырады, қызметкерлерді қабылдау еңбек шарты негізінде жүзеге асырады. Еңбек кодесіне сәйкес жұмысқа қабылданған барлық мұғалімдермен еңбек шарттары жасалады.

Педагогикалық кадрларды талдау

№	Оқу жылы	барлығы	жоғары білімді	%	магистр дәрежесі бар	%
1	2021-2022	48	48	100	5	11
2	2022-2023	51	51	100	8	17,3
3	2023-2024	40	40	100	10	25

2023-2024 оқу жылында мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат педагогтерінің саны - 40 адам. Соңғы үш жыл ішінде мұғалімдер саны тұрақты емес: 2021-2022 оқу жылы – 48, 2022-2023 оқу жылы – 51, 2023-2024 оқу жылы-40. Биылғы оқу жылында педагогтердің жалпы санының төмендеуі мұғалімдердің бала күтімі бойынша демалысқа шығуымен байланысты.

Педагогикалық кадр құрамы сандық және сапалық жағынан тиімді жасақталған. Мұғалімдердің 100%-да тиісті бейіні бойынша жоғары педагогикалық білімі бар және дипломдарында көрсетілген мамандықтарына сәйкес қызмет жасайды.

Педагогикалық ұжымда бір мұғалімнің ресейлік жоғары оқу орнының дипломы бар. Ол қосымша білім беру педагогы Жайсанбаева М. Ж. Оңтүстік-Орал гуманитарлық-педагогикалық университетінде бакалавр

берілген. Жоғары аталған педагогке Қазақстан Республика аумағында дипломды тану туралы куәлігі бар - (Жайсенбаева М.Ж. – БТ №0031163, 15.05.2019).

Жыл сайын магистр дәрежесі бар педагогтер саны артып келеді. Жалпы мектепте 10 мұғалімде магистр дәрежесі бар. Ағымдағы оқу жылында оның 3-і бала күтімі бойынша демалыста, 7-і мектепте жұмыс атқаруда. Оның ішінде педагогика ғылымдарының магистрі – 5 (Салмағамбет Н.А.-математика пәні мұғалімі, Абикенова Г.А. – ағылшын тілі пәні мұғалімі, Зулгариев Р.Д. – тарих пәні мұғалімі, Саин Д. А. - көркем еңбек пәнінің мұғалімі, Сальмағамбетова С.А. -әлеуметтік педагог) гуманитарлық ғылымдарының магистрі – 1 (Мағзұм Г.Ә.-қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі), жаратылыс ғылымдарының магистрі – 1 (Жаппасбаева Г.А. – информатика пәні мұғалімі). Магистр дәрежесі бар мұғалімдердің үлесі 18 % құрайды.

Мектеп штаттық мұғалімдер құрамымен толық қамтамасыз етілген.

Педагог қызметкерлердің жас құрамы:

№	Оқу жылы	барлығы	30 жасқа дейін	30 - 50 жас аралығы	50 және одан да жоғары	педагогикалық ұжымның орташа жасы
1	2021-2022	48	15	18	15	42
2	2022-2023	51	19	21	11	39
3	2023-2024	40	9	18	13	44

Соңғы 3 жылдағы мұғалімдердің жас ерекшеліктерін талдау педагогикалық ұжымның орташа жасы 39-44 жас аралығында екенін көрсетеді. Педагогикалық ұжымның тұрақтылығымен қоса, өтімділіктің жоқтығы байқалады. Ұжымда 30 жасқа дейінгі жас педагогтардың үлесінің өткен оқу жылында артып, биылғы оқу жылында төмендеді. Оның себебі - 30 жасқа дейін 6 мұғалім бала күтімі бойынша демалысқа шығуы. Кәсіби кадрлардың басым контингентін 30-50 жас аралығындағы тәжіриесі бар педагогтар құрайды.

Педагогикалық еңбек өтілі:

№	Оқу жылы	барлығы	0-5 жыл еңбек өтілі	6-15 жыл еңбек өтілі	15-25 жы еңбек өтілі	25 жылдан астам еңбек өтілі	педагогикалық ұжымның орташа еңбек өтілі
1	2021-2022	48	8	11	13	16	19
2	2022-2023	51	11	14	13	13	17
3	2023-2024	40	5	9	8	18	22

Жұмыс өтілі бойынша педагогикалық ұжымның негізін 15 жылдан бастап және одан жоғары еңбек өтілі бар тәжірибелі педагогтар 65 % (26) құрайды. 6-15 жыл аралығында жұмыс өтілі бар педагогтер үлесі - 22,5 %. 12,5% бес жылға дейінгі өтілдегі енді қалыптасып келе жатқан ұстаздар. Педагогтердің жас құрамы мен еңбек өтілін талдау мектепте оқу-тәрбие процесін жетілдіру үшін тәжірибелі мұғалімдердің жеткілікті әлеуеті бар екенін көрсетеді.

Мектепте «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісін иеленген 4 мұғалім: Еришова А.А.-математика мұғалімі (2018), Келинбердиева Ы.С.-тарих мұғалімі (2019), Байтасова Б.Ш. (2020) - орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, Жумагулова Қ.Ж. (2021) -химия пәні мұғалімі. «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2013) атанған Туралина Р.М, тарих пәні мұғалімі.

Қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтар және олардың жүктемелері туралы мәлімет: № 385 бұйрығының 2 қосымшасының 3 тарауы 90 тармақшасы негізінде білім алушылардың таңдауы бойынша арнайы курстарға жылына 1500 сағат бөлінген. Осы бөлінген сағаттарды жүргізу үшін қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін жоғарғы оқу орындарының педагогтері тартылады. 2023-2024 оқу жылында мектеп-гимназия-интернатында А.Байтұрсынов ат. Қостанай аймақтық университетінің 11 оқытушысы қосымша жұмыс жағдайында жұмыс жасады.

№	Мұғалімнің Т.А.Ә.	арнай курс атауы	сын ып	саға т саны	барлық сағат саны
1	Таурбаева Гульжан Урмантаевна	Бейорганикалық химияның теориялық негіздері	11Б	3	3
2	Баубекова Гаухар Коныспаевна	Картография негіздері. Энергия көздері	11А	2 2	4
3	Утегенова Бибикуль Мазановна	Ғылыми зерттеу негіздері	10 А	3	3
4	Сарганова Налима Телгораевна	Экономикалық және қаржылық есептеулер Экономикалық және қаржылық есептеулер	10Б 11Б	2 2	4
5	Уразымбетова Баян Баймғамбетовна	Жас көкөнісші Жасыл технология және жасыл экономика	9 Б 10 Б	2 2	4

6	Нурушева Гульмира Кельдыбаевна	ІХХ-ХХ ғас. Қазақстан зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі Отан және әлем тарихының кезеңдерін бөлу	9АБ 10А	4 2	6
7	Алимбаев Алибек Алпысбаевич	1.Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер және олардың жүйелері 2. Ықтималдықтар теориясы және статистика	10Б 11Б	2 2	4
8	Есиркепова Кенжегул Кабылгазиновна	1.Қазақ тілінен ғылыми жұмысқа дайындық 2.Стилистика және тіл мәдениеті 3.Стилистика және тіл мәдениеті	9А 10А 11А	2 2	6
9	Арсеева Сара Балтаевна	1.Трудные вопросы орфографии и синтаксиса Из варитивного компонента	9АБ	4	4
10	Мукашева Гульжамал Касымбаевна	Ғылыми зерттеу негіздері.	11 А 11Б	4	4
11	Жарлыкасов Б.Ж.	Робот техникасы	10 Б	2	2

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:

Оқу жылдары	Басшы	Директор орынбасарлар саны	Аттестацияда н өтті	Бірінші санат	Екінші санат	Үшінші санат	%
2020-2021	1	5	0	0	0	0	0
2021-2022	1	5	1	0	1	0	16,6
2022-2023	1	5	3	0	3	0	50

Басшы және оның орынбасарлары біліктілік санатының деңгейін үш жылда бір реттен сиретпей арттырады. Әкімшілік құрамында 5 адам, оның ішінде 4-і біліктілік санатын алды, 1-і аттестаттаудан өтуге өтілі жеткіліксіз болғандықтан біліктілік санатын алған жоқ (Жаппасбаева Г.А. – 1 жыл 9 ай). Аттестаттау қорытындысы бойынша 2021 жылы мектеп директоры Келинбердиева Ы.С. мәлімделген «басшы менеджер» біліктілік санатына

аттестатталды. 2022 жылы мектеп директордың орынбасарлары Тоқтамысова Г.К., Қасыбаева А. Т., Серікбаева А.Н. аттестаттаудан өтіп, «екінші санаттағы басшының орынбасары» біліктілік санатын алды.

Кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатынның деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

Оқу жылы	барлығы	аттестация өтті	Аттестация (біліктілік санаттарын беру/растау)				%
			педагог-шебер	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы	педагог-модератор	
2020-2021 (күзде)	51	7	0	1	1	5	13,7
2020-2021 (көктемде)		4	0	0	0	4	7,8
2021-2022 (күзде)	48	2	0	0	0	2	4,1
2021-2022 (көктемде)		1	0	0	1	0	2,08
2022-2023 (көктемде)	51	6	0	2	0	4	7,8

Педагогтер біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырады және растайды. Педагогтардың аттестатталуы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының негізінде өткізілді.

2020-2021 оқу жылында 11 педагог аттестаттауға өтініш беріп, ұлттық біліктілік тестілеу мен біліктілік санатын беру (растау) рәсімінен өтіп, санатын жоғарлатты. Олар: Сыптаев А.К., дене шынықтыру пәнінің мұғалімі -педагог-зерттеуші, Умуртаева Г.А. психолог, педагог-эксперт, Еленова М.М., Куанышбаева А.М., Қазман С.С., ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері, Саин Д.А., Ахатай А.Ш. көркем еңбек пәнінің мұғалімі, Жайсенбаева М.Ж. қосымша білім беру педагогі, Хамзина А.Б. биология пәнінің мұғалімі, Танжарыкова А.Р. өзін-өзі тану пәні мұғалімі, Аблайханов С.Ж. дене шынықтыру пәнінің мұғалімі -педагог-модератор.

2021-2022 оқу жылында 3 педагог аттестаттауға өтініш беріп, ұлттық біліктілік тестілеу мен біліктілік санатын беру (растау) рәсімінен өтіп, өтініш берген біліктілік санатына ие болды. Олар: Абдрахманова А.О.-физика пәні

мұғалімі, Зулгариев Р.Д.- тарих пәні мұғалімі педагог-модератор біліктілік санатын алды. 2022 жылдың шілде айында математика пәні мұғалімі Жандаулетова Р.К. педагог-сарапшы біктілік санатын алды.

2022-2023 оқу жылының мамыр мен тамыз айларында 6 педагог аттестаттаудан ұлттық біліктілік тестілеу мен біліктілік санатын беру (растау) рәсімінен өтіп, санатын жоғарлатты және бар санатты растады. 2 мұғалім «Педагог-зерттеуші» біліктілік санатын алды (Зейнуллина М.Ж. – география пәні мұғалімі, Каримова Ж.К. – физика пәні мұғалімі), 4 мұғалімге «Педагог-модератор» біліктілік санаты берілді: Габдуллина А.Е. – ағылшын тілі пәні мұғалімі, Еликбаева Н.М. – герграфия пәні мұғалімі, Есмагамбетова Г.Т. – математика пәні мұғалімі, Токтамысова Г.К.- неміс тілі пәні мұғалімі.

Мектепте аттестатталатын педагог қызметкерлерге әдістемелік қолдау көрсетілді. Портфолио рәсімдеу, бұйрықтар шығару және куәліктер беру бойынша жұмыстар уақтылы жүргізілуде. Аттестаттау бойынша сұрақтар мектепшілік бақылау жоспарына енгізілген, директор жанындағы кеңестерде, әдістемелік және педагогикалық кеңестерде қарастырылады.

Педагогтардың біліктілік санаттары бойынша

Оқу жылдары	Мұғалімдер саны	Жоғары санатты	Бірінші санатты	Екінші санатты	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Педагог	Жоғары, бірінші және педагог-зерттеуші, сарапшы санаты бар мұғалімдер %
2021-2022	48	5 (10,4%)	2 (4,1%)	1 (2%)	22 (46%)	3 (6,2%)	9 (19%)	6 (12,3%)	66,6%
2022-2023	51	0	2 (3,9%)	2 (3,9%)	22 (43%)	5 (9,8%)	11 (21,5%)	9 (17,6%)	57%
2023-2024	40	0	0	1 (2,5%)	22 (55%)	5 (12,5%)	9 (22,5%)	3 (7,5%)	67,5%

2021-2022 оқу жылында - 32 (66,6%) мұғалімнің жоғары және бірінші санатты, педагог-зерттеуші және педагог-сарапшы санаты бар.

2022-2023 оқу жылында - 29 (57%) мұғалімнің жоғары және бірінші санатты, педагог-зерттеуші және педагог-сарапшы санаты бар.

2023-2024 оқу жылында 26 (67,5%) мұғалімнің педагог-зерттеуші және педагог-сарапшы санаты бар.

Пәндер бойынша мұғалімдердің сапалық құрамы:

пәні	білімі жоғары	педагог-зерттеуші	педагог-модератор	педагог-сарапшы	педагог	II-санат	магистр
------	---------------	-------------------	-------------------	-----------------	---------	----------	---------

	мұғалім саны							
қазақ тілі	6	6	4		1	1		1
орыс тілі және әдебиеті	3	3	3					
шетел тілі	6	6	2	3		1		1
математика	5	5	2	1	1	1		1
информатика	2	2	1		1			1
физика	1	1	1					1
география	2	2	2					
биология	1	1					1	
химия	1	1	1					
тарих	5	5	4	1				1
көркем еңбек	2	2		2				1
дене шынықтыру	3	3	2	1				
музыка	1	1			1			
психолог	1	1			1			
қосымша білім беру педагогі	1	1		1				
Барлығы	40	40	22	9	5	3	1	7

2023-2024 оқу жылында педагогикалық ұжымда 40 педагог жұмыс істеді. Оның 92,5 % санаты бар мұғалімдер. Оның ішінде жаңа форматта аттестатталынған мұғалімдердің үлесі 90% құрады: педагог-зерттеуші 55% (22 мұғалім), педагог-сарапшы 12,5% (5 мұғалім), педагог-модератор 22,5% (9 мұғалім). Бұрынғы дәстүрлі формадағы аттестатталған мұғалімдер пайызы 2,5 % құрады. Ол: II санаттағы биология пәні мұғалімі.

Кемінде үш жылда бір рет басшы кадрлардың, педагогтердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер:

Оқу жылдары	мұғалімдер саны	БАК өткен мұғалімдер саны	БАК өткен мұғалімдер %
----------------	--------------------	------------------------------	------------------------

2021-2022	48	18	37,5
2022-2023	51	20	40
2023-2024	40	16	40

«Педагог мәртебесі туралы» Заңның 7-бабының 12-тармағына сәйкес мектеп 100% мұғалімдері кемінде үш жылда бір рет біліктілікті арттыру курстарынан өтеді. Мектепте педагог қызметкерлердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары әзірленіп, бекітілді, оған сәйкес педагогтерді әртүрлі деңгейдегі курстарда оқыту жүзеге асырылады, курстық даярлықтан өту мониторингі жүргізіледі.

2021-2022 оқу жылында 18 педагог (37,5%) біліктілік арттыру курстарынан өтті.

2022-2023 оқу жылында 20 мұғалім (40%) арттыру курстарынан өтті.

2023-2024 оқу жылында барлығы 16 мұғалім (40%) курстан өтті.

Биылғы оқу жылында педагогикалық ұжымның 40% - ы (16 мұғалім) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен келісілген біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары бойынша курстық даярлықтан өтті. Оның 81% (13 мұғалім) мұғалімдерінің құзыреттілігін дамыту, 19%(3 мұғалім) менеджмент бойынша курстық даярлықтан өтті.

3-бөлім. Білім алушылар контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

2023-2024 оқу жылы бойынша контингент:

Кезең	Тоқсан басындағы оқушы саны	Тоқсан соңындағы оқушы саны
1 тоқсан	378	378
2 тоқсан	376	373
3 тоқсан	373	373
4 тоқсан	372	372
2023-2024 о.ж.	Басында 378	Аяғында 372

2023-2024 оқу жылының басында контингент саны – 378 оқушыны құрады. 5-9 сынып арасында сынып комплект саны – 12, 10-11 сынып аралығы сынып комплект саны – 4. Жалпы 5-11 сынып аралығы сынып

комплекті саны – 16. Оқу жылы барысында кеткен оқушылар саны – 10, келген оқушылар саны – 4. Оқу жылының соңында қалған оқушы саны – 372, 5-9 сынып – 285 оқушы, 10-11 сынып – 87 оқушы.

Соңғы 3 оқу жылының контингенті

Оқу жылы	Негізгі мектеп (5-9 сынып)		Орта мектеп (10-11 сынып)		Мектеп бойынша барлық контингент	
	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны	жалпы сынып саны	оқушылар саны (оқу жылы аяғында)
2021-2022	12	271	6	117	18	388
2022-2023	12	268	5	102	17	370
2023-2024	12	285	4	87	16	372
Динамика	0	+14	-2	-30	-2	-16

Жалпы үш жылдың ішінде негізгі орта буында сынып комплекті тұрақты, жалпы орта буында сынып комплект саны -2 кеміген, жалпы мектеп бойынша сынып комплект саны -2 кеміген.

Оқушы саны негізгі орта буында +14 өскені ал жоғарғы буында саны да -30 кемігендігі, мектеп бойынша -16 оқушыға кемігендігін байқауға болады.

4-бөлім. Оқу әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

- білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының болуы және оларға сәйкестігі;

Мектеп-гимназия интернаттың оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізінде құрастырылып, жыл сайын тамыз айында өткізілетін мектептің №1 педагогикалық кеңесінде қарастырылып, білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі және білім беру саласындағы атқарушы органдары «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы» ММ, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен келісіледі.

Мектеп-гимназия-интернаттың оқу жұмыс жоспарының құрылымы инварианттық компонент, мамандандырылған компонент, вариативтік

компонент, оның ішінде элективті, жеке және топтық жұмыс, арнайы курстардан тұрады.

Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент сағаттары мектеп-жарғысына сәйкес қоғамдық-гуманитарлық пәндерге бағытталған. Вариативтік компонент оқушылардың білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бағытталған. Элективті курстардың, жеке және топтық жұмыстардың басым бөлігінің бағдарламалары облыстық сараптамалық кеңеспен мақұлданған, барлығы мектеп директорымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасы негізінде білім алушылардың таңдауы бойынша әр сыныпқа 0,25 ставка көлемінде үйірмелер ұйымдастырылған және арнайы курстарға 1500 сағат бөлінген. Арнайы курстарды жүргізуге А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінен біліктілігі жоғары мамандар тартылады.

2023-2024 оқу жылы: Негізгі орта білім беру деңгейіне арналған 2023-2024 оқу жылының оқу жұмыс жоспары "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының **63- қосымшасы** негізінде жасалды.

Жалпы орта білім деңгейінің Жаратылыстану-математикалық бағыттағы үлгілік оқу жоспары "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығының **67-қосымшасы** негізінде жасалды.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы үлгілік оқу жоспары "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығының **31- қосымшасы** негізінде жасалды.

Оқыту сабақтарының кестесі:

Сабақ кестесі мектеп-гимназия-интернаттың оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалады және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (бұдан әрі – СанПин) санитариялық қағидаларына (өзгертулермен және толықтырулар 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ - 76) сәйкес талаптар бойынша құрастырылған.

Сабақтың ұзақтығы 45 минуттан аспайды. Мектептің сабақ кестесі инварианттық компонент (негізгі сабақ кестесі), вариативтік компонент (жаһандық құзыреттілік курсы, элективті, жеке және топтық жұмыс курстары, арнайы курстар), үйірмелер үшін жеке жасалады. Курс сабақтары міндетті сабақтардың саны барынша аз күндері жоспарланады. Сабақ кестесі білім алушылардың тамақтануы мен белсенді демалуы үшін ұзақтығы жеткілікті үзілістерді көздейді. Сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы 5 минутты және 2, 4 сабақтардан кейін 15 минуттық екі үлкен үзілісті жалпы 30 минутты құрайды. Сабақ кестесі мектептің қамқоршылық кеңесімен келісіліп, мектеп директорымен бекітілген. 5-11 сыныптарда оқу үдерісін оңтайландыру және үй тапсырмасының көлемін азайту үшін қосарланған сабақтар қарастырылған. Негізгі сабақ кестесіндегі пән атаулары және вариативтік компоненттегі элективті курстардың, жеке және топтық жұмыс сабақтарының атаулары мектептің оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді. Сабақ кестесіндегі пәндер бойынша жүктеме жұмыс оқу жоспарымен сәйкес келеді.

- жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2023-2024 оқу жылында инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 05 шілдедегі № 199 бұйрығы негізінде жүзеге асырылды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының орындалуы – 100 %. Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылды. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілді. Сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылды.

- білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру;

2023-2024 оқу жылында Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Б.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ-нің тәрбие жұмысын жоспарлауда «Қостанай облысы әкімдігінің білім Басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 11 қыркүйектегі «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы» №527 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 17 тамыздағы

№5-04/4977-И хатына сәйкес жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білімді, адал, игі өскелең ұрпақты тәрбиелеу, балаларды патриоттық сезімге, белсенді азаматтық ұстанымға баулу мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы енгізілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» –ұлттық, адамиқұндылықтарғанегізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиісқұндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Барлық тәрбие қызметі келесі құндылықтарға құрылған:

- Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап.

Тәрбие бағытындағы нормативтік құжаттар негізіндегі жоспарды жүзеге асыру үшін келесі құрамдағы одақтастық жасақталды. Олар: Әлеуметтік психологиялық қызмет, ата-аналар, сынып жетекшілері, тәрбиешілер, серіктестер, өзін-өзі басқару ұйымы, қосымша білім беру педаготері.

2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысы Қазақстанның 30 жылдығына арналған іс-шаралар аясында жүргізілді.

2022-2023 оқу жылында «Балалар жылы» аясында жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылды.

Тәрбие бағытындағы сұрақтар мектептің педагогикалық кеңесінде, директор жанындағы отырыстарынды қаралды.

Педагогикалық кеңесте:

2023-2024 оқу жылының тамыз айында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын» таныстыру және наурыз айында «Мектептегі кәсіптік бағдар беру» тақырыбы аясында баяндамалар тындалды.

Тәрбие бағытындағы сұрақтар мектепшілік бақылау арқылы зерделеніп қорытынды анытамалар мектеп директоры жанындағы кеңесте, сынып жетекшілер ӘБ, тәрбиешілер ӘБ және қылмысты алдың алу кеңес отырыстарында қарастырылды.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы келесі 3 құндылыққанегізделіп, бірқатар іс-шаралар тізбегі жүзеге асырылды.

Ұлттық мүдде құндылығы

Ұлттық мүдде құндылығын жүзеге асыру үшін жыл ішінде бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды: «1 қыркүйек – «Мектеп – Мейірім мекені»- 5-11 сыныптарға арналған салтанатты жиын мен сынып сағаттары, «Егер қиын болса, қоңырау шалыңыз» облыстық ақпараттық-түсіндіру акциясы, «Туған тілім - бабам тілі - өз тілім» бейнеролик, «Әнұран айту» челлендж, «Туған елім – Қазақстаныма арнаймын»мерекелік іс-шаралар, «Ыбырай

атамызға тағзым» атты Ы.Алтынсарин кесенесіне саяхаттар, «Мәңгілік ел негізі – Тәуелсіздік» атты тәуелсіздік күніне арналған сынып сағаттары тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Ұлы жүздің биі Төлебидің туғанына – 360 жыл» атты дөңгелек үстел және «Киелі домбыра» үйірмесінің жеткшісінің ұйымдастыруымен «Құрманғазы – рухты саздың сардары» күй атасы Құрманғазының туғанына 200 жылдығына және т.б іс шаралар желілері өтті. «Ұлысты ұйыстырған Наурыз» атты Наурыз мейрамына арналған іс-шаралар жоспары аясында: 1 наурыз – Алғыс айту күні, 4 наурыз – Шежіре күні, 5 наурыз – Сарқыт күні, 6 наурыз – Отбасы бақыт мекені. 7 наурыз – «Әйел – көктем», 11 наурыз – «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра», 12 наурыз – Ұлттық тағамдар күні, 13 наурыз – Асар күні, 14 наурыз – «Көрісу – Амал күні», 15 наурыз – Ғылым күні, 18 наурыз – «Ел іші - өнер кеніші», 19 наурыз – Бастаңғы күні, 20 наурыз – «Күй күмбірі» атты домбырашыларчелленджі ұйымдастырылды. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай ерлік сағаттары өткізілді.

Ұлттық мүдде құндылығы негізінде құқықтық мәдениет индикаторын жүзеге асыру мақсатында мектептің құқық бұзушылықты алдын алу жұмысына жауапты мұғалімдердің жұмыстары 2023-2024 оқу жылына арналған мектептің жұмыс жоспарына сай жүргізілді.

Жыл басынан Құқық бұзушылықты алдын алу және мектепшілік ережеге сай тәртіпті қадағалау мақсатында әкімшілік және сыныптардың кезекшілігі ұйымдастырылған.

Жыл бойы мектепте «Қылмысты алдын алу кеңесі», «Татуластыру (медиация) қызметі», «Әлеуметтік-психологиялық қызмет», «Жалпыға бірдей құқық сабақтары» жұмыстары жоспар бойынша жүзеге асырылды.

«Жалпыға бірдей құқық сабақтары» сынып жетекшілер сынып сағаттардың басында оқушыларды жоспар негізінде жүзеге асырады. Әр тоқсан соңында оқушыларда өткен тақырыптары бойынша құқықтық бімдерін тексеру мақсатында тест жұмыстары ұйымдастырылып отырылады. Тест қорытындысы бойынша үш жыл бойы оқушылардың құқықтық сауаттылығы жоғары екені көрсетті. Көп қателескен оқушылардың жауаптары сараланып қайта түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады.

Алдын алу және ескерту бойынша жұмысты жетілдіру мақсатында қадағалаусыздық пен құқық бұзушылықтың, кәмелетке толмағандардың органдарының жұмысын жандандыру мектепте өзін-өзі басқару, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесі құрылды. Алдын алу кеңесі құрылымдық болып табылады және алдын алу Кеңесі туралы ереже негізінде әрекет етеді. Кәмелетке толмаған оқушылардың құқық бұзушылығын алдын алу бойынша мектептегі жұмыс жоспарға сәйкес жүргізілді. Жоспарға сыныптар бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жүргізілетін жұмыстардың, мектепшілік

тәртіп, Жол картасы бойынша суицидтің алдын алу бойынша жұмыстарының қорытындылары кіргізілді.

Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскілік полиция инспекторымен тығыз қарым-қатынас орнатып әр параллельде тоқсанына 1 рет профилактикалық іс-шаралар жүзеге асырылды. Іс шаралар барысында 5-11 сынып оқушылары толық қамтылды.

Әлеуметтік қауіпті жағдайдағы оқушылар, сәтсіз отбасылар, балаларды тәрбиелеуден бас тартқан ата-аналар, қиын жасөспірімдерді анықтау мақсатында зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Мектепшілік тіркеуде тұрған оқушылар

Оқу-жылы	Тіркеуде тұрған оқушылар саны
2021-2022	0
2022-2023	0
2023-2024	0

Қалалық II тіркеуде тұрған оқушылар

Оқу-жылы	Тіркеуде тұрған оқушылар саны
2021-2022	0
2022-2023	0
2023-2024	0

Сәтсіз отбасы ретінде қалалық II тіркеуде тұрған

Оқу-жылы	Тіркеуде тұрған отбасы саны
2021-2022	0
2022-2023	1
2023-2024	0

Өткен оқу жылында ақпан айынан бастап 1 отбасы қалалық II органдарында сәтсіз отбасы болып тіркеуге алынып, биылғы жылы есептен алынды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты талдау көрсеткендей: мектепте кәмелетке толмағандар арасында құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және білім алушылардың құқықтық мәдениетін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жолға қойылған. Дәстүрлі: жалпыға бірдей құқықтық білім беру күндері; мектеп инспекторының ауызша журналдары мен әңгімелері, құқықтық онкүндіктер, құқық қорғау органдары мен прокуратура өкілдерімен кездесулер, ата-аналарға құқықтық білім беру және т.б. іс-шаралар.

Ар-ұят құндылығы

Ар-ұят құндылығын жүзеге асыру мақсатында келесі іс-шаралар өткізілді: 5-11 сыныптар арасында «Кәмелетке толмағандардың арасында

жыныстық қол сұғылмаушылық» атты кездесу, «Қауіпсіз интернет» сынып сағаттары мен «Қауіпсіз мектеп» акциясы, отбасы күніне орай 5-11 сыныптарға арналған «Отбасы – бақыт мекені» отбасы күніне арналған іс-шаралар желісі, «Менің отбасым - ең керемет» психологиялық тернинг, Қарттар күніне орай «Қарты бар ел-қазыналы ел» мерекелік кеш және «Өзіміз шай ішейік» әжелер мен аталар мен кездесу, 10 қазан – Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай кездесу, «Дүниежүзілік балаларды қорғау күні: балаларға арналған өмір» республикалық акциясы өткізілді.

Бұл бағыттағы жұмыстар өзін-өзі басқару ұйымының іс-шараларында көрініс алды. Өзін-өзі басқару ұйымы «Парламент тынысы», «Jasyl bagyt», «Conversation club» жобаларын ұйымдастырып, жобалар аясында жыл бойы бірнеше іс-шара жүзеге асырды.

«Парламент тынысы» жобасын жүзеге асыру мақсатында мектеп парламентінің инстаграм парақшасы Ақпарат фракциясы қолға алынып, жыл басынан 67 жарияланым жасалды, қосымша ТикТок желісіндегі парақша жүргізіліп, мектептің инстаграм парақшасына тағы бейнероликтер жасалды.

Парламент мүшелерімен «Дублер күні», «Аялы алақан», «Дебат дегеніміз не?», «Мейірімділік күні», «Алтын күз», «Мектеп лигасы» баскетбол турнирі, 5-сынып оқушыларына арналған «Ант беру кеші», «Dance Party», «Кітап – үнсіз мұғалім» акциясы, «Әлемді қорғайық» қолданылған батарея жинау акциясы, «АлғысВОХ» алғысхаттар жеткізу акциясы, «Көңілді қоңыраулар» ойындары, «Түлектер кеші» іс шарасы, «Жолда жүру ережелері» конкурсы, жаңа жыл мерекесіне «Ең әдемі сынып» мектепішілік сайысы, «Көңілді театр», «Оскар мүсіншесін табыстау кеші», «XIX vs XXI» форматында кештерді жоғарғы деңгейде ұйымдастыра алды.

Ыбырай Алтынсариннің Торғай даласында ашқан мектебінің 160 жылдығы мен Қостанай қаласында ашқан мектебінің 140 жылдығына орай мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен республикалық «Ы.Алтынсарин атындағы мектептер арасындағы телекөпір» өткізілді.

Талап құндылығы

Талап құндылығын жүзеге асыру үшін жыл ішінде бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды: 5-11 сыныптар арасында «Денсаулық күні» спорттық іс-шаралар желісі жүзеге асырылды. Жыл бойы «20 минуттық кітап оқу» акциясы өткізілді. Ата-аналар арасында мектебіміздің 140 жылдығына орай волейболдан турнир, «Ybyrai CUP III» длебат турнирі, YAMUN облыстық конференциясы өтті. Қазақстан Республикасы президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасы бойынша жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» акциясына қатысты.

Жыл бойында оқушыларға арналған денсаулық сақтау, полиция қызметкерлері мен психологиялық қолдау мекемелерімен кездесулер және дәрістер тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Талап құндылығын дамыту мақсатындағы іс-шаралар мектепішілік жобаларда көрініс алып отырды.

Мектеп оқушылары жыл бойы «Төрт тоқсан-төрт өнер» республикалық жобасына белсене қатысты. І тоқсанда Республика мерекесіне арналған «Ақындар айтысы» іс-шарасында «Ақындар сыныбы» үйірмесінің жетекшісі оқушылады айтыс өнерінің қыр-сырын таныстырса, ІІ тоқсанда «Асық ату» үйірмесінің жетекшісі облыстық мектептер арасында «Алтын сақа» олимпиадасы ұйымдастырды. ІІІ тоқсанда технология пәндерінің жетекшілері және мектеп тәрбиешілердің қолдауымен «Ұлттық өнер көрмесі» ұйымдастырылса, ІV тоқсан мектеп ұжымы, ата-аналар мен оқушылар қолдауымен «Туған өлкем» атты көгалдандыру, тазалық фестивалін ұйымдастырды.

Ата-аналармен жұмыс

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесіндегі олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру мақсатында психологиялық-педагогикалық, рухани-адамгершілік, салауатты өмір салты, балалардың қауіпсіздігін сақтау, имандылық, діндік экстремизмнің алдын алу, діни, құқық сауаттылығын көтеру бағыттары бойынша арнайы жасалған нұсқаулықтар мен қатар дәрістер берілді.

Ата-аналармен қарым қатынас орнату формалардың тағы бірі мектепшілік іс-шаралар. Үш жыл қатарынан бұл бағыттағы жұмыстар облыстық «Үндестік» жобасы негізінде жүзеге асырылып келеді. «Үндестік» жобасы аясында мектепшілік сыныптық жобалар, спорттық іс шаралар, ата-аналар жиналыстары, педконсилиум, дөңгелек үстелдер, кездесулер, мектеп әкімшілігінің қабылдау күндері және т.б. жұмыстар жоспарға сай өтуде. Биылғы жылы «Ата-ана сағаты», «Бір күн мектепте» және «Бір күн ата-аналар» жұмысында жобалар қосылып ата-аналар тарапынан қолдау көрсетілуде.

Атап өтетін болсақ: 5-10 сынып арасында «Толағай» отбасылық жарыс, «Сенім болашақ» Республикалық ата-аналармен қоғамдық бірлестігімен кездесулер, «Жақсылық жаса» акциялары, «Мен және құқық», «Үлкенге-құрмет, кішіге ізет», «Білімділер додасы», «Жасөспірімдер және зиянды әдеттер» тақырыптарында ата-аналар сағаты, «Ұлысты ұйыстырған Наурыз» мерекелік іс-шаралары.

Мектепте қамқорлық Кеңесі мен ата-аналар комитетінің жұмыстары жүзеге асырылуда. Жыл басынан 3 рет жалпы ата-аналар жиналысы және тоқсан қорытындылары бойынша 5 сыныптық ата-аналар жиналысы ұйымдастырылады. Ата-аналар жиналысында сыбайлас жемқорлық,

құқықтық тәрбие, отбасы тәрбиесі және жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу тақырыптары қаралды. Отбасылық тәрбие беруде ерекше көмекші болған мектеп психологтарымен ұйымдастырған іс-шаралар.

«Әкелер» және «Аналар» мектептер іс-шарасында ата-аналар, оқушылар мен ұстаздар арасындағы тығыз қарым-қатынас туралы тренингтер арқылы кеңестер беріп отырылды.

Соңғы үш жылдағы тәрбие жұмысының нәтижелері мектепте «Cooking Club», «Ұлттық қол-өнер», «Туған елге тағзым», «ЭкоДарын», «Мамандықтың бәрі жақсы» және «Аялы алақан» жобалық жұмыстар тәрбие бағдарламаларды жүзеге асыруға жағдай жасалғанын көрсетті.

Тәрбие жұмысының дамуы көбінесе сынып жетекшілер мен тәрбиешілер әдістемелік бірлестік жұмысының тиімділігіне байланысты.

Мектептің тәрбие жұмысының әдістемелік тақырыбы: «Сынып жетекшілер мен тәрбиешілердің шеберлігін арттыру арқылы тәрбие формалары мен әдістерін жетілдіру.»

ӘБ мақсаты: өз тәрбие жүйесін құру кезінде сынып жетекшілер мен тәрбиешілердің шығармашылық әлеуетін іс жүзінде іске асыру үшін жағдай жасау, мектептегі тәрбие процесінің теориясы мен практикасы бойынша білімді арттыру, ұжымдық шығармашылық тәрбие әдістемесінің теориясын меңгеру, сыныптық іс-шараларды, ұжымдық шығармашылық істерді дайындау, өткізу және талдау кезінде көмек көрсету.

Тәрбие жұмысының жай-күйі сынып жетекшілерінің ӘБ отырыстарында қаралады.

Сынып жетекшілер мен тәрбиешілер өзін-өзі жетілдіру бойынша әдістемелік тақырыптарға сәйкес өз шеберліктерін арттырады. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілердің тақырыптары бойынша сұрақтарды педагогикалық кеңесте, ӘБ отырыстарында үнемі баяндап отырады. ӘБ жұмысын талдау көрсеткендей: сынып жетекшілері интерактивті әдістерді, іс-шараларды өткізудің әртүрлі формаларын қолданады, әдістемелік шеберлік деңгейін арттырады. Сонымен қатар, білім алушылармен жұмыста ерекше нысандарды пайдалануды жалғастыруға, тұлғаның азаматтық – патриоттық, адамгершілік қасиеттерін, құқықтық өзін-өзі тануды қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды өткізуге назар аударған жөн.

Мектептің ақпараттық мәдениетін дамыту мақсатында барлық өткізілетін іс-шаралар мен республика, облыс көлеміндегі челлендждар «Facebook», «Instagram» және мектеп сайтында өзін-өзі басқару ұйымы жариялап отырады.

Осылайша, мектептің тәрбие қызметі оқу және тәрбие бағдарламалары, жалпы мектептік кешенді тәрбие жоспары негізінде құрылды, оның негізі оқушының үйлесімді дамуына, оның интеллектуалды, рухани және жеке қасиеттерін ашуға ықпал ететін бағыттар болды. Мақсатқа жету үшін мектеп әкімшілігі оқушының жан-жақты дамуына ықпал ететін тұлғаға бағытталған

білім беру мақсатында жағдай жасады. Тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу оқушылардың мүдделеріне, зияткерлік және физикалық мүмкіндіктеріне сүйене отырып жүзеге асырылды, бұл іс-шаралардың мақсатқа жетуін қамтамасыз ете отырып, жеке бағдарланған тәсілді іске асыруды қамтамасыз етті. Тәрбие жұмысының барлық аспектілері жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мүмкіндік берді.

5 сынып оқушыларымен жүргізілген бейімделу процесінің жалпы қорытындысы: Оқу жылының басында, яғни *I жартыжылдық*: 5 сыныбындағы 72 оқушымен бейімделу процесін анықтау негізінде жұмыстар жүргізілді. Оның 43 оқушы – мектепке толық бейімделсе, 19 оқушы – мектепке жартылай бейімделген, ал 8 оқушы – мектепке бейімделмеген. *II жартыжылдық*, яғни жылдық бейімделудің қорытындысы бойынша: 5 сыныбындағы 72 оқушының 66 оқушы – мектепке толық бейімделсе, 6 оқушы – мектепке жартылай бейімделген анықталды, ал мектепке бейімделмеген оқушылардың саны анықталмады. 5 сыныптармен жүргізілген әрбір диагностикалық жұмыстардың нәтижелері өңделіп, шыққан нәтижелеріне қарай, психологиялық жұмыстар өз жалғасын тауып отырды.

Оқушылардың дарындылық бағытын анықтау барысында мектеп бойынша (5 – 9 сынып аралығы) 289 оқушылардың ішінен: I орында – шығармашылық (90 оқушы), II орында – психомоторлы (66 оқушы), III орында – интеллектуалдық (63 оқушы), IV орында – академиялық мен көшбасшылық (32 оқушы). Мектеп пән мұғалімдеріне оқушылардың интеллектуалдық және академиялық қабілеттерін арттыру және дамыту мақсатында жадынамалар ұсынылды.

Оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау мақсатында Г. Н. Казанцеваның «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі 5,7,9 сынып оқушыларынан алынып, нәтижесі сарапталды. Өзін-өзі бағалау деңгейі *төмен* оқушылар 5 сынып – 12 оқушы, 7 сынып – 4 оқушы, 9 сынып – 5 оқушы. Өзін-өзі бағалау деңгейі *қалыпты* оқушылар 5 сынып – 53 оқушы, 7 сынып – 37 оқушы, 9 сынып – 34 оқушы. Ал өзін-өзі бағалау деңгейі *жоғары* 5 сынып – 7 оқушы, 7 сынып – 8 оқушы, 9 сынып – 13 оқушы. Нәтижелер бойынша, өзін-өзі бағалау деңгейі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізілді.

Оқушылардың темперамент түрін анықтау мақсатында «Темперамент түрін анықтау» әдістемесі 6,8,10 сынып оқушыларынан алынып, нәтижесі сарапталды. *Холерик* типіндегі оқушылар 6 сынып – 14 оқушы, 8 сынып – 12 оқушы, 10 сынып – 18 оқушы. *Сангвиник* типіндегі оқушылар 6 сынып – 30 оқушы, 8 сынып – 19 оқушы, 10 сынып – 9 оқушы. *Флегматик* типіндегі оқушылар 6 сынып – 18 оқушы, 8 сынып – 6 оқушы, 10 сынып – 8 оқушы. *Меланхолик* типіндегі оқушылар 6 сынып – 13 оқушы, 8 сынып – 4 оқушы, 10 сынып – 6 оқушы. Әдістемені қорытындылау мақсатында, оқушыларды темперамент түрлеріне ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Білім алушылардың стресске төзімділігінің деңгейін анықтау мақсатында Э.Ховардтың «Стресске төзімділік» әдістемесі 9, 11 сынып оқушыларынан алынып, қорытындыланды. Стресске *шамалы ұшырау* деңгейі бойынша 9 сынып – 28 оқушы, 11 сынып – 25 оқушы. Стресске *орташа ұшырау* деңгейі бойынша 9 сынып – 19 оқушы, 11 сынып – 16 оқушы. Стресске *жиі ұшырау* деңгейі бойынша 9 сынып – 5 оқушы, 11 сынып – 7 оқушы. Осы тақырыпқа байланысты, сынып оқушыларымен психологиялық тренингтер мен сағаттар өткізіліп, кеңестер берілді.

Сынып оқушылардың көңіл-күйін жағымды арнаға түсіруге баулу. Көтеріңкі көңіл-күйдің айналасындағыларға әсерін түсініп, сезінуге тәрбиелеу. Әдеттері, жеке ерекшеліктері туралы ойлануына мүмкіндік беру мақсатында «Менің көңіл-күйім» тесті 5-11 сынып оқушыларынан алынып, қорытындыланды. *Жағымды түрдегі көңіл-күй бойынша*: 5 сынып – 37 (36,9%), 6 сынып – 32 (31,9%), 7 сынып – 28 (27,9%), 8 сынып – 34 (33,9%), 9 сынып – 36 (35,9%), 10 сынып – 39 (38,9%), 11 сынып – 43 (42,9%). *Қалыпты түрдегі көңіл-күй бойынша*: 5 сынып – 51 (51,1%), 6 сынып – 57 (57,1%), 7 сынып – 54 (54,3%), 8 сынып – 59 (59,2%), 9 сынып – 55 (55,1%), 10 сынып – 58 (58,1%), 11 сынып – 53 (53,2%). *Жағымсыз түрдегі көңіл-күй бойынша*: 5 сынып – 12 (12%), 6 сынып – 11 (11%), 7 сынып – 18 (17,8%), 8 сынып – 7 (6,9%), 9 сынып – 9 (9%), 10 сынып – 3 (3%), 11 сынып – 4 (3,9%). Алынған әдістемелердің нәтижесі бойынша түзету-дамыту, кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Сынып оқушылардың қарым-қатынастағы агрессия түрін анықтау, балалардың жауаптарында оқушылардың бір-біріне деген ашу-ызаларының түрін, қандай типке жататынын анықтау мақсатында Басса-Даркидің «Агрессия» тесті 5-11 сынып оқушыларынан алынып, нәтижесі сарапталды. *Физикалық агрессия деңгейі бойынша*: 5 сынып – 2 (4%), 6 сынып – 5 (10,2%), 7 сынып – 6 (10,5%), 8 сынып – 3 (6,2%), 9 сынып – 4 (5,9%), 10 сынып – 2 (3,7%), 11 сынып – 3 (4,6%). *Жанама агрессия деңгейі бойынша*: 5 сынып – 5 (10%), 6 сынып – 7 (14,2%), 7 сынып – 5 (8,7%), 8 сынып – 4 (8,3%), 9 сынып – 3 (4,4%), 10 сынып – 4 (7,5%), 11 сынып – 6 (17%). *Ашуланысқақтық деңгейі бойынша*: 5 сынып – 9 (18%), 6 сынып – 15 (30,6%), 7 сынып – 13 (22,8%), 8 сынып – 12 (25%), 9 сынып – 16 (23,8%), 10 сынып – 11 (20,7%), 11 сынып – 9 (14%). *Негативизм деңгейі бойынша*: 5 сынып – 7 (14%), 6 сынып – 7 (14,2%), 7 сынып – 8 (14%), 8 сынып – 11 (22,9%), 9 сынып – 11 (16,4%), 10 сынып – 9 (16,9%), 11 сынып – 12 (18,7%). *Өкпелегіш деңгейі бойынша*: 5 сынып – 6 (12%), 6 сынып – 4 (8,1%), 7 сынып – 14 (24,5%), 8 сынып – 6 (12,5%), 9 сынып – 13 (19,4%), 10 сынып – 6 (11,3%), 11 сынып – 11 (17%). *Күдіктілік деңгейі бойынша*: 5 сынып – 6 (12%), 6 сынып – 2 (4%), 7 сынып – 6 (10,5%), 8 сынып – 5 (10,4%), 9 сынып – 14 (20,8%), 10 сынып – 3 (5,6%), 11 сынып – 8 (12,5%). *Вербальды агрессия деңгейі бойынша*: 5 сынып – 4 (8%), 6 сынып – 3 (6,1%), 7 сынып – 3 (5,2%), 8 сынып – 4 (8,3%), 9 сынып – 2 (2,9%), 10 сынып – 5 (9,4%), 11 сынып –

9(14%). *Кінәлі сезінуі деңгейі бойынша*: 5 сынып – 11 (22%), 6 сынып – 4 (8.1%), 7 сынып – 2 (3.5%), 8 сынып – 3 (6.2%), 9 сынып – 4 (5.9%), 10 сынып – 11 (20.7%), 11 сынып – 6(1,4%). Жоғарыда алынған әдістемелердің нәтижесі бойынша түзету-дамыту жұмыстары жеке және топтық сабақтар аясында жүзеге асырылды, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Балалармен алдын алу әңгімелері, жеке кеңестер, сабаққа қатысу және бақылау жүргізілді.

Зорлық-зомбылық фактілерін анықтау, алдын алу, қатыгездіктің құрбаны болып жүрген оқушылардың бар-жоғын анықтау мақсатында 5-11 сынып оқушыларынан «Кәмелетке жасына толмаған жасөспірімдердің зорлық-зомбылыққа көзқарасы» тақырыбында анонимді сауалнамасы алынды. Сауалнамаға барлығы 359 оқушы жауап берді. (қыз бала – 247, ал ұл бала – 112). Ондағы қарастырылған сұрақтар бойынша оқушылар өздерінің жауаптарын ашық, сауатты, шынайы жауап бергендері байқалды. Сауалнама сегіз сұрақтан тұрды. Сауалнама нәтижелері бойынша зорлық-зомбылық фактісі анықталмады. Әрі қарай бұл тақырыпта оқушылардың сауаттылықтарын арттырып, ондай жағдайлардың алдын алу мақсатында төмендегідей жұмыстарды өткізуді ұсынылды: оқушылар мен оның ата-аналарына, педагогикалық ұжымына осы мәселе бойынша жадынамалар таратылды; мектеп инспекторы, әлеуметтік педагог және мектеп психологі оқушылардың бақылауын арттыру мақсатында үнемі жұмыстар жүргізілді.

«Кәмелет жасына толмаған жасөспірімдердің жыныстық қолсұғушылыққа қарсы көзқарасы» мәліметтерін анықтау негізінде 7-11 сынып аралығындағы оқушылармен анонимді сауалнамасы өткізілді. Жоғарыда айтылған сауалнамаға 226 оқушылар қатысты. Өткізілген «Кәмелетке жасына толмаған жасөспірімдердің жыныстық қолсұғушылыққа көзқарасы» сауалнамасына қатысты мәліметтер анықталмады. Жоғарыда айтылған тақырыпқа байланысты алдағы уақытта 7-11 сынып оқушыларымен ақпараттық және алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Суицидтік реакцияларға бейімділікті анықтау, алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушыларынан «Суицидтік реакциялар-45» (П.И. Юнацкевич) анонимді әдістемесі алынды. «Суицидтік реакциялар-45» (П.И. Юнацкевич) әдістемесін қолдана отырып, суицидке бейімділігін анықтай отырып, оқушыларды үнемі назарда ұстау және оның көңіл-күйі мен мінез-құлқындағы кішкене де ауытқуларға сезімтал болу керек. Әдістеме нәтижелері бойынша көрініс деңгейіне сай «Төмен» баға алған оқушылар анықталды. Бұл тақырыпта оқушылардың сауаттылықтарын арттырып, ондай жағдайлардың алдын алу мақсатында 8-11 сынып оқушылармен жоғарыда айтылған тақырып бойынша психологиялық тренингтер, ойындар, жаттығулар, дөнгелек үстелдер өткізілді. «Суицидтік реакциялар-45» (П.И. Юнацкевич) әдістемесін қорытындысы бойынша анықталған 2 оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастырылды. Мектеп инспекторы, әлеуметтік педагог және мектеп психологі оқушылардың бақылауын арттыру мақсатында үнемі жұмыстар жүргізуліде.

Салауатты өмір салтына және психикалық денсаулық тақырыптары бойынша арнайы мекемелерінің қызметкерлерімен жұмысы атқарылды. «Қостанай облыстық психикалық денсаулық орталығы» КМК, «Қостанай облыстық ЖИТС-тің алдын-алу және оған қарсы күрес орталығы» КМК, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚОУ Практикалық психология орталығымен, Қостанай қаласындағы №1 емханамен, «Сенімен Болашақ» Республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігі Қостанай облыстық филиалымен тығыз байланыста.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көрпөмендік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

Мектептің тәрбие жұмысының маңызды буыны қосымша білім беру жүйесі болып табылады.

Мектептің бірыңғай білім беру кеңістігін қалыптастыру мақсатында білім беру сапасын арттыру және әр түрлі даму орталарында оқушылардың жеке басын қалыптастыру процесін жүзеге асыру үшін сабақтан тыс жұмыстар ұйымдастырылды. Сабақтан тыс қызмет білім алушылардың шығармашылық және жеке қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға үлкен көмек көрсетеді және базалық білім берудің тең құқылы, бірін-бірі толықтыратын құрамдас бөлігі болып табылады.

Оқушылардың саналы кәсіби өзін-өзі анықтауына мектептің қосымша білім беру жүйесі ықпал етеді.

Сабақтан тыс жұмыстар жеке тұлғаны дамытудың келесі бағыттары бойынша ұйымдастырылады:

Көркемдік-эстетикалық бағыты: хореографиялық, вокалдық, хор, үрмелі аспаптар, домбыра, театыр, пікірталас, ақындар сыныбы үйірмелері.

Дене шынықтыру-спорт бағыты: баскетбол, волейбол, шахмат, тоғызқұмалақ, асық ату үйірмелері.

2023-2024 оқу жылы 13 үйірме жұмыс істеді. 10 педагог жоғарғы білімді, 2 педагог орта білімді. Педагогтар құрамы жыл сайын тұрақты, осы мектепте бірнеше жылдан бері еңбек етіп келеді.

Үйірмеге бөлінген сағат сандары мектептегі сыныптар жиынтығына байланысты бөлінеді.

Үш жыл қатарынан оқушылардың үйірмелерге қатысуы 100% қамтылған. Соңымен қатар оқушылар қаладағы қосымша білім беру орталықтары мен тілдік курстарға барады.

Ұлттық тәрбиеге және шығармашылыққа бағытталған «Асық ату», «Ақындар сыныбы», «Тоғызқұмалақ», «Ажар» би, «Киелі домбыра», «Вокал», «Дарын театр», «Үрмелі аспаптар», «Пікірталас» және «Айналайын» хор үйірмелердің рөлі жоғары.

Спорттық «Шахмат», «Баскетбол», «Волейбол» үйірмелері білім алушылар арасында мектепішілік жарыстар мен турнирлер өткізу дәстүрге айналған.

Қосымша білім беру педагогтарының жұмысы қосымша білім беру мазмұнын жүйелі түрде жаңартуға бағытталған. Үйірмелер мен секциялар мүшелерінің жеткілікті сандық құрамын атап өткен жөн. Үйірме жетекшілері оқушылардың ынтасын арттыруға тырысады, бұл жыл бойы конкурстарда, жарыстарда тұрақты және жақсы нәтижелерге әкелуінен байқалады.

2023-2024 оқу жылында үйірмелердің шәкірттерінің жетістіктері

№	Байқау атауы	Деңгейі	Орын	Жеңімпаз	Жетекшісі
1	Шахмат чемпионаты классика, рапид, блиц Қостанай облысы чемпионатті шахматтан классикалық, рапид, блиц	Қалалық Облыстық	1 1	Испудинов А.	Зайкенов А.
2	Шахмат чемпионаты классика, блиц	Облыстық	2	Даушева А.	Зайкенов А.
3	Қостанай облысы чемпионатті шахматтан классикалық, рапид, блиц	Облыстық	2	Карлыбай А.	Зайкенов А.
4	Жастар арасындағы Әлем біріншілігі 20-25.09.2023 Алматы	Халықаралық	2	Алибекқызы А.	Абильбеков А.
5	ҚР жастар командалық чемпионаты 13-19.11.2023 Петропавловск қаласы	Республикалық	3	Алибекқызы А. Калиола А.	Абильбеков А.
6	Халқаралық турнир 5-10.01.2024 Бишкек (Қырғызстан)	Халқаралық	2	Алибекқызы А.	Абильбеков А.
7	ҚР жастар чемпионаты 24-30.03.2024 Өскемен қаласы. (классика)17 жас, 2 орын(рапид)	Республикалық	3	Алибекқызы А.	Абильбеков А.
8	А. Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті ұйымдастыруымен өткен Б. Майлиннің 130 жылдығына орай облыстық пікірсайыс турнирі	Облыстық	2	Есенгелдіқызы А.	Гаппаров Ж.А.
9	8 қарақшы дебат орталығы ұйымдастыруымен өткізілген облыстық «open air debate» турнирі	Облыстық	1	Акбар А. Искакова А.	Гаппаров Ж.А.
10	Облыстық пікірсайыс турнирі. Ағылшын лигасы. Артифакт командасы	Облыстық	3	Казиева А. Муканова Ж.	Гаппаров Ж.А.
11	Ozat Cup 3 облыстық дебат турнирі.	Облыстық	1	Жаркенов Б. Ерғали Ж.	Гаппаров Ж.А.
12	«GULNAR FEST»халықаралық көп жанрлық конкурсы	халықаралық	2	Кәдіржан І.	Байдрахманов а Н.А.

13	Асық атудан облыстық турнир Асық атудан қалалық турнир	Облыстық Қалалық	3 2	Қанатұлы Қ.	Абдигалиев Н.У.
14	«GULNAR FEST» халықаралық көп жанрлық конкурсы	Халықара лық	2	Сапар І.	Байдрахманов а Н.А.
15	«GULNAR FEST» халықаралық көп жанрлық конкурсы	Халықара лық	2	Сапарғалиева А.	Байдрахманов а Н.А.
16	"Протанцы" облыстық би жарысы	Облыстық	2	"Ажар би" үйірмесі	Жайсенбаева М.
17	"Таланты без границ" Республиканский вокальный конкурс с участием жюри "Х-фактор Казахстан"	Республ ик алық	1	Мұханбетжан Е.	Байдрахманов а Н.А.
18	"Kostanay music games" республикалық вокалист сайысы	Республ ик алық	3	Сапарғалиева Ж.	Байдрахманов а Н.А.
19	"Армандастар" театр өнерінің облыстық фестиваль- "Дарын театры"	Облыстық	2	"Дарын театры" шәкірттері Бекқали М., Жуматов А., Жаркенов Б.	Қызыров Ғ.
20	Республика күніне орай ұйымдастырылған қалалық асық ату сайысы Қостанай қаласының чемпионаты	Қалалық қалалық	1 1	Досова Д.	Абдигалиев Н.У.
21	"Ақберен" байқауы	Республ ик алық	1	Амиров А.	Утелбаева С.

Жыл соңында қорытынды бойынша үйірме жетекшілері мен шәкірттері арнайы «Алтынсарин жұлдыздарының шеруі» салтанатында «Шабыт» жұлдызы номинацияларымен марапатталады. Жалпы мектепшілік үйірме жәкірттерінің жетстіктері жоғарыдан жақсы деп бағалауға болады.

- Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

Бейіндік білім беру әрбір оқушының өзіндік білім беру траекториясын өз бетінше саналы қалыптастыру негізінде кәсіптік саласын өз бетінше анықтауына жағдай жасауды көздейді.

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 614 бұйрығына сәйкес, мектеп жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарда бейіндік білім береді. Элективті курстардың және жеке және топтық мазмұны білім алушылар мен ата-аналардың сұраныстары,

мектептің кадрлық құрамы мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі ескеріле отырып, тандалды.

Кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге даярлап, білім алушылардың кәсіптік бағдарлары үшін жағдай жасалуда, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған тереңдетілген сабақтар жұмыс оқу жоспарының мамандандырылған компоненті арқылы жүзеге асырылады.

Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент:

Негізгі орта білім беру сатысында (5-9-сыныптарда) бейіналды жұмыстары жүргізіледі. Жұмыс оқу жоспарының инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонентіне бөлінген сағат сандары қоғамдық-гуманитарлық пәндерге және оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін бағытталды.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі мамандандырылған компоненттегі пәндер жылма-жыл тұрақты, өзгеріс жоқ.

5,6-сыныптарда қазақ тіліне – 2 сағат, ағылшын тіліне – 1 сағат, Қазақстан тарихы пәніне – 1 сағат, 7 сыныптарда қазақ тіліне – 2 сағат, ағылшын тіліне – 2 сағат, Қазақстан тарихы пәніне – 1 сағат, географияға – 1 сағат, алгебраға -1 сағат беру арқылы оқу бағдарламаларының мазмұны тереңдетілуде.

8-сыныптарда қазақ тіліне – 2 сағат, ағылшын тіліне – 2 сағат, Қазақстан тарихы пәніне – 1 сағат, химия пәніне – 1 сағат, алгебра пәніне – 1 сағат.

9-сыныптарда қазақ тіліне – 2 сағат, ағылшын тіліне – 1 сағат, Қазақстан тарихы пәніне – 1 сағат, химия пәніне – 1 сағат, алгебра пәніне – 1 сағат, географияға-1 сағат беру арқылы оқушылардың білімдерін кеңейтіп, негізгі орта білім алу барысында бейіналды тандау жасау қолжетімділігі қамтамасыз етілді.

Оқу жұмыс жоспарындағы мамандандырылған компоненттегі қазақ тілі, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы, алгебра, химия, география пәндерінің ұзақ мерзімді жоспарлары аталған оқу бағдарламаларына сүйене жасалынып, пән мұғалімдерінің мектептің педагогикалық кеңесімен бекітіледі.

Жалпы орта білім деңгейіндегі инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент оқушылардың қажеттілігін қанағаттандырады.

2023-2024 оқу жылы Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10 «Б» сынып білім алушылардың тандауына байланысты мамандандырылған компоненттегі 4 сағат келесідей пәндерге үйлестірілді: алгебра және анализ бастамалары – 1 сағат, география – 1 сағат, химия – 1 сағат, биология – 1 сағат. 11 «Б» сыныбына алгебра және анализ бастамалары – 1 сағат, физика – 1 сағат, химия – 1 сағат, биология – 1 сағат бөлінді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10 «А» сыныбына ағылшын тілі-1 сағат, география-1 сағат, дүниежүзі тарихы пәнін 2 сағаттық тереңдетіп

оқытуға мүмкіндік жасалынып, 11 «А» сыныбына шетел тілі, дүниежүзі тарихы пәндері 2 сағаттан тереңдетіліп оқытылды.

Педагогтер ұжымы білім алушылардан бейініне сәйкес келетін нақты мамандыққа деген көзқарасты қалыптастыруға тырысады. Осы бейінді игере отырып, білім алушылар оқуын жалғастырып, өздеріне қажет мамандықтарды таңдай алады.

-Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру;

Мүгедектігі бар оқушылар туралы ақпарат:

-2021-2022 оқу жылы 3 оқушы (6 «б» сынып оқушысы Айдабулов Алихан, 7 «в» сынып оқушысы Ибраева Аружан, 11 «б» сынып оқушысы Смагулова Жансулу).

-2023 оқу жылы оқу жылы 2 оқушы (5 «б» сынып оқушысы Бекмұрат Айару, 8 «в» сынып оқушысы Ибраева Аружан)

-2023-2024 оқу жылы 3 оқушы (5 «в» сынып оқушысы Қарлыбай Аңсар, 6 «б» сынып оқушысы Бекмұрат Айару, 9 «а» сынып оқушысы Ибраева Аружан).

Бұл оқушылар ерекше білім беруді қажет етпейді, жалпы білім беретін бағдарлама бойынша білім алуда.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру

Вариативті оқу компоненті жыл сайын оқушылардың таңдауы мен қажеттілігі негізінде жоспарланды. Әдістемелік бірлестігінің отырыстарында талқыланады, тексеріледі, мектеп директорымен бекітіледі. Курс бағдарламаларының басым бөлігі облыстық сараптама және лицензиялау жөніндегі кеңестің сараптамасынан өтіп мақұлданған, авторлық куәлігі (ISBN) бар бағдарламалар іріктеу артықшылығына ие болады. Жыл сайын нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес оқуға ұсынылған курстар енгізіледі.

2023-2024 оқу жылында вариативтік компонент сағаттарының есебінен **«Жаһандық құзыреттілік»** 5-8 сыныптарда аптасына – 0,5 сағат, 9-11 сыныптарда – 1 сағат курсы енгізіледі. Аталған курс жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Негізгі орта буында келесідей жеке және топтық жұмыс курстары оқытылады:

5-сынып курстары: «Ыбырайтану, ISBN: 978-601-303-505-5, Ж.С. Булекбаева»; «Оқылым сауаттылығы, №2 хаттама 01.03.2021 ж., М.К. Ермагамбетова»; «Неміс тілін үйренеміз».

6-сынып курстары: «Ыбырайтану, ISBN 978-601-303-505-5, Ж.С. Булекбаева»; , «Мәселе есептердің шешу жолдары, куәлік Серия АА №889, 29.06.2018 ж., А.Т.Касыбаева», «Неміс тілін үйренеміз».

7-сынып курстары: «Стандартты емес есептерді шығару, №3 хаттама 30.03.2021 ж., Р.К. Жандаулетова», «Алғашқы химиялық ұғымдар, №3 хаттама 17.03.2022 ж.», «Гидропоника», «Неміс тілін үйренеміз», «Ғылыми зерттеу негіздері, №3 хаттама, 31.03. 2023 ж.»».

8-сынып курстары: «Өз өлкеміздің тарихи тұлғалары, куәлік Серия АА 811. 27.04.2018 ж., А.Т. Тулегенова», «Өлкетану», «Электростатика сырлары және қызықты оптика (физика)», «Неміс тілін үйренеміз», «Ғылыми зерттеу негіздері.»

9-сынып курстары: «Графиктер – халықаралық тіл (физика), №5 хаттама 29.04.2022. А.О. Абдрахманова, «Әлеуметтік география», «Комбинаторика», «Неміс тілін үйренеміз».

Жалпы орта буында келесідей жеке және топтық жұмыс курстары оқытылады:

10 «А», 11 «А» сыныптары қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарда келесідей курстар орын алады: «Абайтану», «Эссе жазу сауаттылығы», «ОПЕК елдерінің географиясы, хаттама №6, 28.06.2021 ж., М.Ж. Зейнуллина», 11 «А» сыныпта «IELTS тапсырмалар жүйесінің негізі», 10 «А» сыныпта «Неміс тілін үйренеміз».

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарда келесідей курстар жүргізілді: 10 «Б» сыныпта «Физикалық химия», «Генетика және селекция негіздері», «Кинематика негіздері», «Кері тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер хаттама №8, 20.10.2021 ж., А.А. Еришова», «Жаңа индустриялы елдердің географиясы».

11 «Б» сыныпта «Мехатроника», «Көпжақтарға іштей және сырттай сызылған сфералар мен шарлар», «Генетика және селекция негіздері», «Органикалық химияның теориялық негіздері».

10 «Б» сыныпта вариативті бөлімнен далалық оқу жиынына (лагерьлік) дайындық жасау үшін 30 сағат «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәніне апталық жүктеме 1 сағат берілді. Вариативтік компоненттегі курстардың нәтижесінде білім алушыларымыз ғылыми жобаларға, олимпиадаларға, түрлі шығармашылық сайыстарға қатысып, жобалау және зерттеу іс-әрекеті дағдыларын дамытып нәтижесін беруде.

2023-2024 оқу жылындағы дарынды оқушылардың нәтижелері.

Мектеп-гимназия-интернат оқушыларының 3 жылдың ішіндегі облыстық ғылыми жобаларға қатысуы мен нәтижесінің динамикасы

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қатысқан оқушы саны	22 жұмыс	36 жұмыс	24 жұмыс
1 орын	1	3	5

2 орын	4	7	3
3 орын	7	5	8
жалпы	12	15	16
сапа	54 %	42 %	67 %

Биылғы жылы жобалар санының кему, ал сапаның өсу динамикасын байқауға болады. Жүлделі орындар бойынша 15 жүлделі орыннан 16 жүлделі орынға өскен, яғни +1; Жыл сайынғы жобалар санының тұрақсыздығынан, қатысушылардың жүлделі орын алу көрсеткіші 2021-2022 оқу жылында 54 % құраса, 2022-2023 оқу жылында 42 % болса, 2023-2024 оқу жылында 67 %-ды құрап тұр, яғни +25%

Мектеп-гимназия-интернат оқушыларының 3 жылдың ішіндегі республикалық ғылыми жобаларға қатысуы мен нәтижесінің динамикасы

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қатысқан оқушы саны	4 жұмыс	3 жұмыс	7 жұмыс
1 орын	0	1	1
2 орын	0	0	1
3 орын	1	1	2
жалпы	1	2	4
сапа	25 %	66 %	57 %

Республикалық ғылыми жобаларға қатысу нәтижесінде 2021-2022 оқу жылында 4 жұмыс қатысып, оның 1-і жүлделі орын алды, сапа 25 % құрады; 2022-2023 оқу жылында 3 жұмыс қатысып, 2-і жүлделі орын алды, сапа 66 % құрады; 2023-2024 оқу жылында 7 жұмыс қатысып, 4-і жүлделі орынға ие болдық. Сапа 57 %, өткен жылмен салыстырғанда жұмыс саны (+4) мен жүлдегер саны (+2) артып, бірақ сапа төмендеген -9%.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсы (республикалық кезеңі), 8-11 сынып: 7 жұмыспен 8 оқушы қатысты:

I орын - 10 «Б» сынып оқушысы Әлтай Н. информатика секциясы,

II орын - топтық құрам 11 «Б» сынып оқушылары Утилиева А., Мырзатаев Н. информатика секциясы,

III орын - 11 «Б» сынып оқушысы Даушева А. экономика секциясы, 9 «А» сынып оқушысы Есенқұлов Ғ. этномәдениеттану секциясы.

Ерекше грамота - 10 «А» сынып оқушысы Өмірзақ Ж. тіл білімі қазақ тілі секциясы, 11 «А» сынып оқушысы Сарсембаева А. тарих секциясы.

2023-2024 оқу жылындағы халықаралық конкурстарда жетістіктер: «ROBOLAND-2023» VIII Халықаралық роботехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалі – 1 жұмыспен 2 оқушы қатысты.

Топтық құрам 11 «Б» сынып оқушылары Утилиева А., Мырзатаев Н. информатика секциясы – III орын.

Мектеп-гимназия-интернат оқушыларының 3 жылдың ішіндегі Зерде» республикалық 2-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары конкурсына қатысуы мен нәтижесінің динамикасы

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қатысқан оқушы саны	12 жұмыс	12	8
1 орын	0	1	0
2 орын	1	2	2
3 орын	5	2	1
жалпы	6	5	3
сапа	50 %	42 %	38 %

«Зерде» зерттеу жұмыстары қорытындысы нәтижесінде: 2021-2022 оқу жылында 12 жұмыстың 6-ы жүлделі орынға ие болды. Ал 2022-2023 оқу жылында жоба саны тұрақты болғанымен, жүлделі орын санының кемуіне байланысты -8% кему бар, сапа 42 % құрады. 2023-2024 оқу жылында қатысу динамикасы төмендеп -4, сапаның -4% кемігенін байқауға болады.

Мектеп-гимназия-интернат оқушыларының 3 жылдың ішіндегі облыстық олимпиадаға қатысуы мен нәтижесінің динамикасы

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қатысқан оқушы саны	24	32	26
1 орын	8	7	3
2 орын	4	8	6
3 орын	6	5	10
жалпы	18	20	19
сапа	75 %	63 %	73 %

Облыстық олимпиаданың қорытындысы нәтижесінде 2021-2022 оқу жылында 24 қатысқан оқушының 18-і жүлделі орын, ал 2022-2023 оқу жылында 32 оқушы қатысып, 20 жүлделі орынға ие болды. 2023-2024 оқу жылында 26 қатысушы қатысып, 19 жүлделі орын алдық, өткен жылмен салыстырғанда қатысқан оқушы саны кеміп -6, сапаның 10 % артқанын байқауға болады. Сапа 63 % құрады.

«Б.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернат» оқушыларының 3 жылдың ішіндегі Республикалық олимпиадаға қатысуы мен нәтижесінің динамикасы

	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Қатысқан оқушы саны	5	6	4

1 орын	0	1	1
2 орын	0	1	1
3 орын	3	2	1
жалпы	3	4	3
сапа	60 %	67 %	75 %

Республикалық олимпиадаға қатысу нәтижесінде 2021-2022 оқу жылында 5 жұмыс қатысып, 3-і жүлделі орын алды, сапа 60 % құрады; 2022-2023 оқу жылында 6 оқушы қатысып, 4-і жүлделі орынға ие болды. Сандық жағынан да, сапалық жағынан да өскенін байқауға болады. 2023-2024 оқу жылында 4 оқушы қатысып, 3 оқушы жүлделі орынға ие болып, оқушылардың республикалық кезеңге қатысу сандық жағынан кеміп, сапалық жағынан өскені байқалады. Сапа өткен жылмен салыстырғанда + 8%.

9 (8)-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың Республикалық кезеңі:

I орын – 10 «Б» сынып оқушысы Амангелды А. орыс тілі мен әдебиеті.

II орын - 11 «Б» сынып оқушысы Утилиева А. орыс тілі мен әдебиеті.

III орын - 11 «А» сынып оқушысы Тулебей Н. орыс тілі мен әдебиеті.

Ерекше грамота - 10 «А» сынып оқушысы Өмірзақ Ж. қазақ тілі мен әдебиеті.

5-8 сынып оқушыларының 3 жылдың ішіндегі жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық және республикалық олимпиадаға қатысуы мен нәтижесінің динамикасы

Сайыс атауы	Жылы	кезеңі	Қатысты	I орын	II орын	III орын	Жалпы орын саны	Сапа
5-8 сынып аралығы жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада	2021-2022	Облыстық	32	0	1	7	8	25%
		Республикалық	0	0	0	0	0	0
	2022-2023	Облыстық	47	6	5	15	26	55 %
		Республикалық	1	1	0	0	1	100 %
	2023-2024	Облыстық	29	9	3	6	18	62 %
		Республикалық	5	1	1	3	5	100 %

2023-2024 оқу жылында 5-6 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың облыстық кезеңіне 14 оқушы қатысып, 10 оқушы жүлделі орынға ие болды, 5 оқушы - I орын, 1 оқушы – II орын, 4 оқушы – III орын иеленді. Республикалық кезеңге 5 оқушы қатысып, 1 оқушы – I орын, 1 оқушы II орын, 3 оқушы III орын иеленді, сапа 100 %.

7-8 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың облыстық кезеңіне 15 оқушы қатысып, 9 оқушы жүлделі

орынға ие болды. I орын – 4, II орын – 2, III орын – 3. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша сапа 100 %, жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша сапа 15 %, жалпы сапа 60 %. Өткен жылмен салыстырғанда 5-8 сынып оқушыларының жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық кезең нәтижесінің қорытындысы бойынша сапа 7 % өсіп, 62 % құрап отыр, республикалық кезең нәтижесінің сапасы тұрақты, ал қатысушылар санының өсуі байқалады.

- "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсының оқу;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығының 56 тармағына сәйкес «Өмір қауіпсіздігі негіздері» курсының міндетті түрде оқып-үйрену қамтамасыз етіліп, практикалық жұмыстарды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

5-9-сыныптардағы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұнын дене шынықтыру мұғалімдері «Дене шынықтыру» оқу курсы аясында, жылдық оқу жүктемесі 15 сағатты құрайтын түрде жүзеге асырылады.

10-сыныптағы «Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери-технологиялық дайындық» оқу курсы аясында жүзеге асырылады, жылдық оқу жүктемесі 12 сағатты құрайды. Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

11-сыныптағы «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны «Алғашқы әскери-технологиялық дайындық» оқу курсы аясында жылдық оқу жүктемесі 16 сағатты құрайтын бастапқы әскери-технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларымен жүзеге асырылады. Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

- «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыру;

«Жолда» жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асырылуы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Бұйрық негізінде оқу жыл басында мектепте «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының жоспары бекітіліп, берілген тақырыптар бойынша жүзеге асырылуда. «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5-8-сыныптарда, сынып жетекшісімен сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, электрондық күнделікте сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылған.

Негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:

- Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2023-2024 оқу жылы Негізгі орта білім беру деңгейінің апталық оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарына арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының 63-қосымшасына сәйкес:

5 А,Б,В сыныптарында оқу жүктемесінің шекті көлемі – 32,5 сағатты құрайды, оның ішінде инварианттық компонент – 31 сағат, вариативті компонент – 1,5 сағат;

6 А,Б сыныптарында оқу жүктемесінің шекті көлемі – 32,5 сағатты құрайды, оның 31 сағаты инварианттық компонент, 1,5 сағаты вариативті компонент;

7 А,Б сыныптарында оқу жүктемесінің шекті көлемі – 35,5 сағатты құрайды, оның 31 сағаты инварианттық компонент, 4,5 сағаты вариативті компонент;

8 А,Б,В сыныптарында оқу жүктемесінің шекті көлемі – 35,5 сағатты құрайды, оның 31 сағаты инварианттық компонент, 4,5 сағаты вариативті компонент;

9 А,Б,В сыныптарында максималды жүктеме – 37 сағат, оның 32 сағаты инварианттық компонент, вариативті компонент – 5 сағат.

Жалпы орта білім деңгейінің апталық оқу жүктемесінің шекті көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы ҚР

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарының қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы үлгілік оқу жоспарының 31-қосымшасына және ҚР

Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған білім беру ұйымдарының жаратылыстану-математикалық бағыттағы үлгілік оқу жоспарының 67-қосымшасына сәйкес:

10 «А», 11 «А» сыныптарында оқу жүктемесінің шекті көлемі – 39 сағат, оның ішінде инварианттық компонент – 34 сағат, вариативті компонент – 5 сағат.

10 «Б», 11 «Б» сыныптарында оқу жүктемесінің шекті көлемі – 38 сағат, оның ішінде инварианттық компонент – 31 сағат, вариативті компонент – 7 сағат.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 2-қосымшасының 3 тарауы 90-тармақшасы негізінде білім алушылардың таңдауы бойынша арнайы курстарға жылына 1500 сағат бөлінген.

9 А,Б сыныптарында арнайы курстар мен дәрістерге әр сыныпқа аптасына 6 сағат;

10 А сыныпта арнайы курстар мен дәрістерге әр сыныпқа аптасына 7 сағат;

10 Б сыныпта арнайы курстар мен дәрістерге аптасына 8 сағат;

11 А сыныпта арнайы курстар мен дәрістерге аптасына 8 сағат бөлінген;

11 Б сыныпта арнайы курстар мен дәрістерге аптасына 8 сағат бөлінген.

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі мектептің жұмыс оқу жоспарындағы жүктемемен сәйкес келеді. Бұл ретте гимназияларда жекелеген курстар мен дәрістер өткізу үшін жылына 1500 сағат көлемінде бөлінетінін ескерілген.

Мамандандырылған мектеп-гимназия интернатта білім алушылар үшін апталық оқу жүктемесінің көлемі сақталады.

- Инвариантты және вариативті (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) компонентін құрайтын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2023-2024 оқу жылы негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіндегі сыныптардың апталық және жылдық оқу жүктемесі:

5-ші сыныптар (3 сынып комплект) апталық оқу жүктеме – 97,5 сағат, жылдық жүктеме – 3510 сағат, 6-сыныптар (2 сынып комплект) апталық оқу жүктеме – 65 сағат, жылдық жүктеме – 2340 сағат, 7-сыныптар (2 сынып комплект) апталық оқу жүктеме – 71 сағат, жылдық жүктеме – 2556 сағат, 8-сыныптар (3 сынып комплект) апталық оқу жүктеме – 106,5 сағат, жылдық жүктеме – 3834 сағат, 9-сыныптар (2 сынып комплект) апталық оқу жүктеме – 74 сағат, жылдық жүктеме – 2664 сағат, 10-сыныптар (2 сынып комплект) апталық оқу жүктеме – 77 сағат, жылдық жүктеме – 2772 сағат, 11- сыныптар (2 сынып комплект) апталық оқу жүктеме – 77 сағат, жылдық жүктеме – 2772 сағат. Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 5

қосымшасы негізінде білім алушылардың таңдауы бойынша жылына 1500 сағаттық арнайы курстар мен дәрістер бөлінген.

Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (бұдан әрі – СанПин) санитариялық қағидаларына (өзгертулермен және толықтырулар 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76) сәйкес талаптарына сәйкес келеді. ЖББ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің көлемі сәйкес келеді және сақталады.

- Сыныптарды топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып.

2023-2024 оқу жылы мектеп-гимназия-интернаттың негізгі орта білім беру деңгейінде **2** сынып-комплектісі жасақталды: 5 сынып – 3 комплект, 6 сынып – 3 комплект, 7 сынып – 2 комплект, 8 сынып – 2 комплект, 9 сынып – 2 комплект. Жалпы орта білім беру деңгейінде **4** сынып-комплектісі жасақталды: 10 сыныптарда – 2 комплект, оның 10 «А» сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт, лингвистика бейіні, 10 «Б» сынып - жаратылыстану-математикалық бағытында, биология-химия, география-алгебра бейінінде оқиды. 11 сыныптарда – 2 комплект, оның 11 «А» сыныбы қоғамдық- гуманитарлық бағыт, лингвистика бейіні, 11 «Б» сынып-жаратылыстану-математикалық бағытта, биология-химия және физика-математикалық бейіндерінде оқытылады. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (ҚР Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 3-Қосымшасының 43- тармақшасына сәйкес, сыныпты екі топқа бөлуге білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны – 24 және одан артық болғанда:

1) шетел тілі;

2) көркем еңбек;

3) информатика бойынша жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдарында сыныптардағы білім алушылар саны **24** және одан артық болған жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда **орыс тілі мен әдебиеті** бойынша және мектептегі оқу кабинеттерінің сыйымдылығына байланысты сыныпты екі топқа бөліп оқытылады.

Топқа бөлінген сыныптар: 5абв, 6абв, 7аб, 8а, 9аб, 10б, 11б; топқа бөлінбеген сыныптар: 8б, 10а, 11а.

Білім беру ұйымында көркем еңбек пәні сыныптың толымдылығына қарамастан ұлдар мен қыздарға сыныпты екі топқа бөлініп оқытылды.

Оқу мерзіміне өлшемшарттар:

- тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2023-2024 оқу жылы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (3-қосымша 5-тарау 62-тармақшасы, 4-қосымша 5- тарау 56-тармақшасы) негізінде мектепте оқу мерзіміне келесідей талаптар қойылған.

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын игеру мерзімі – екі жыл.

- Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

2023-2024 оқу жылы: «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 04 қазандағы №304 бұйрығы, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 2023 жылғы 05 қазандағы № 580 бұйрығы, Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаттың 2023 жылы 10 қазан № 545 бұйрығымен белгіленді.

Мектеп-интернатта 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері анықталды:

2023 жылғы 1 қыркүйек – 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда:

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);

2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);

3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында);

4-тоқсан – 8 оқу аптасы.

5-бөлім. Оқу-материалдық активтер

- Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау.

Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.)

Мектеп ғимараты 1966 жылы салынған қабатты типтік ғимаратта орналасқан. Мектеп ғимаратының жобалық сыйымдылығы 420 оқушыға арналған.

2009 жылы мектеп-гимназия-интернат ғимараты күрделі жөндеуден өткен. Жыл сайын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Қостанай облысы әкімінің 2010 жылдың 15 сәуіріндегі №128 қаулысы негізінде Қостанай қаласы, Ы. Алтынсарин көшесінде орналасқан мектеп және интернат ғимараттарына жедел басқару құқығы берілген.

Мектеп-гимназия-интернаты келесі ғимараттардан тұрады: мектеп ғимараты кірпіштен салынған, 3 қабатты (оқу корпусы), жалпы ауданы – 2349,1 ш.м.

№1 интернат корпусы 1975 жылы салынған, 4 қабатты ғимарат, жалпы ауданы – 2379,5 ш.м., № 2 интернат корпусы 1985 жылы салынған, 4 қабатты ғимарат, жалпы ауданы – 4379,1 ш.м. құрайды. Автомобильдер үшін жылы тұрақ, 1 қабатты ғимарат, жалпы ауданы – 151,2 ш.м.

Медициналық қызмет «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті» РММ 2022 жылдың 14 қазанында берілген №22019180 лицензиясы негізінде:

- Балаларға мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық медициналық көмек:

- жалпы педиатрия;
- алғашқы медициналық санитарлық көмек;
- дәрігерге дейінгі қызмет атқарылады.

Мектеп-гимназия-интернатында білім алушыларға медициналық көмек көрсету мақсатында: 1 дәрігер – 23,3 ш.м., 2 изолятор – 9,8 ш.м., 16,3 1 ш.м., егу – 17,3 ш.м., 2 процедуралық – 17,3 ш.м., 1 стоматология – 15,3 ш.м. кабинеттері жұмыс жасайды. Кабинеттер талапқа сай қажетті құралдармен жабдықталған.

Медициналық қызметті: 1-дәрігер – педиатр, 1-мейірбеке, 1-диет мейірбекесі атқарады.

Білім алушыларды тамақтандыруға арналған 120 орындық, жалпы ауданы – 293,9 ш.м. асханада жүзеге асырылады. Асханада: ас залы – 157,4 ш.м., суық цех – 11,0 ш.м., ет цехы – 9,0 ш.м., көкөніс цехы – 8,9 ш.м., ас даярлайтын цех – 52,1 ш.м., 2 ыдыс жуатын бөлме – 11,1 ш.м., 10,3 ш.м., қоймалар – 10,9 ш.м., 11,1 ш.м., 12,0 ш.м. құрайтын бөлімдерден тұрады.

Асханада интернат білім алушылары 6 мезгіл, қаладан қатынап оқитындар 2 мезгіл тамақтанады. Асханада 1 бірлік-бас аспазшы, 6 бірлік-аспазшы, 6 бірлік-ас бөлмесінің қызметкерлері шататтық кестеге сәйкес қызмет жасайды.

Мектеп-гимназия-интернатының кітапханасы мектеп ғимаратының бірінші қабатында орналасқан, абонемент және оқу залы біріктірілген. Жалпы ауданы 47,2 ш.м. құрайды. Кітапханаға қоса кітап сақтау қоймалары 6 ш.м. берілген.

Мектеп-гимназия-интернат территориясында 378 ш.м. құрайтын футбол алаңы бар.

Мектеп-гимназия-интернатында жұмыс және әкімшілік кабинеттер қарастырылған. Әкімшілік кабинеттер: қабылдау бөлмесі – 15,8 ш.м, директордың кабинеті – 30,3 ш.м., директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – 17,7 ш.м., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – 9,7 ш.м., директордың бейіндік ісі жөніндегі орынбасары – 15,0 ш.м., әдістемелік кабинет – 42,9 ш.м., директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары – 10,1 ш.м., психолог кабинеті – 32,8 ш.м., есепшілер кабинеті – 14,6 ш.м., кадрлық инспектордың кабинеті – 14,9 ш.м, конференц зал – 45,4 ш.м., мұражай – 31,4.

Мектеп-гимназия-интернатында барлығы 23 оның ішінде: 3-қазақ тілі және әдебиеті, 3-математика, 2-орыс тілі, 2-ағылшын тілі, 1-тарих, 1-география, 1-гидропоника, 1-робототехникасы, 1-Жас сарбаз, 1-биология, 1-химия, 1-физика, 1-спорт залы, 1-ұл балаларға және 1-қыз балаларға арналған технология кабинеттері сонымен қатар 1- информатика және 1-ІТ оқу кабинеті және зертханалар бар, оның жалпы ауданы – 1207,1 ш.м. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына (әрі қарай-Санитарлық қағидалар) сәйкес бір білім алушыға шаққанда 2,5 ш.м. құрайды.

Оқыту сыныптық-кабинеттік жүйеде жүзеге асырылады. Кабинеттердегі жиһаздар санитарлық қағидаларға сәйкес жабдықталған. Мектеп-гимназия-интернатының оқу кабинеттері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» № 70 бұйрығына сәйкес жабдықталған.

Мәжіліс залы – 231,3 ш.м. Секциялық/театрлық кресло – 1 жиын (180 орындық), дәріскер трибунасы – 1 дана, төралқаға арналған үстел – 1 дана, төралқаға арналған орындық немесе кресло – 5 дана, ноутбук – 2 дана, сахна – 1 дана, өлшемдеріне сәйкес қазақша сахна киімі – 5 жиын, өзбекше сахна киімі – 1 жиын, орысша сахна киімі – 1 жиын, испанша сахна киімі – 1 жиын, ретро сахна киімі -1 жиын, жылжымалы механизмі бар шымылдық – 1 жиын, проекторы бар экран /LED-экран – 1 дана, интерактивті панель – 1 дана, сахнаны жарықтандыруға арналған жабдық – 1 жиын, акт залы мен төралқа үстеліне арналған дыбыс жабдығы – 1 жиын, сымсыз технологиялары бар музыкалық орталық – 1 дана, пианино – 1 дана, 2 микрофонға арналған радио

микрофондық жүйе – 1 жиынтық, дыбыс/жарық операторының жұмыс орны – 1 жиын, кондиционер – 2 дана, желілік фильтр – 4 дан; *Акт залы мен музыка кабинетіне арналған музыкалық аспаптар жиыны*: қобыз прима – 1 дана, домбыра контрабас – 1 дана, бас домбыра – 2 дана, домбыра прима – 1 дана, шертер – 1 дана, домбыра тенор – 6 дана, домбыра – 26 дана (МТҚ 9-қосымша).

Кітапхана – 34,8 шм. Диван – 1 дана, шынтақшалары бар аунақшаларда айналатын кресло – 1 дана, кітапханашы ресепшні – 1 дана, кітапханалық көрме сөресі – 6 дана, кітапханалық біржақты сөре – 11 дана, газет-журнал сөресі – 2 дана, журнал үстелі – 1 дана, бір орынды компьютерлік үстел – 3 дана, бір орынды оқырман үстелі – 4 дана, оқырман орындығы – 11 дана, ұйымдастыру техникасына арналған тумбочка – 1 дана, мерзімді басылымдарға арналған кітапхана шкафы – 1 дана, оқырман формулярларына арналған шкаф – 1 дана, web-камера – 1 дана, акустикалық жүйе – 1 дана, интерактивті проектор жиынтығы – 1 жиынты, маршрутизатор – 1 дана, көп функционалды құрылғы (көшіргіш/принтер/сканер) кара-ақ – 1 дана, интернетке қолжетімділігі бар дербес компьютер – 4 жиын, нетбук – 4 дана, кітапхана процестерін кешенді автоматтандыруға және электрондық каталогтарды құруға арналған бағдарламалық жасақтама – 1 дана, желілік фильтр – 3 дана, кітаптарды жөндеуге арналған құралдар мен материалдар – 1 жиын, қабырға картиналары (Ы.Алтынсарин портреті) – 1 дана, кітапхана қоры: оқу – 12003, анықтама – 300, көркем әдебиет және басылымдар – 7226, аудио-бейнетекә – 1678 (МТҚ 9-қосымша).

Өткізу пункті – 1 дана, турникет – 2 дана; санитариялық тораптар – 9 дана (қыздар – 4 дана, ұлдар – 3 дана, қызметтік – 2 дана), унитаздар – 17 дана, писуары – 3 дана, жуу раковиналары – 16 дана (МТҚ 9-қосымша).

Санитарлық торап (унитаз – 2 дана, жуу раковиналар – 1 дана), пандус, шақыру батырмасы, баспалдақтағы бірінші және соңғы сатылардың қарама-қарсы бояуы, бедерлі токтильді жолдар бар (МТҚ 9-қосымша).

Мектепте 75 бейнекамера бар, соның ішінде 21 сыртқы, 54 ішкі (МТҚ 9-қосымша).

Мектеп-гимназия-интернаты аумағы қоршалған және аумақ периметрі бойынша бейне бақылау камералары орнатылған. Барлық бейнекамералар 2023 жылы жасалған №19 келісім шарт негізінде жедел басқару орталығына қосылған.

Келісім шарты негізінде 2023 жылы жасалған №21 келісім шарт негізінде «Безопасный город КСТ» ЖШС бейне бақылау камера қызметін жүзеге асырады.

Гимаратта автоматтандырылған өрт дабылқағыш орнатылған, өрт сөндіргіш құралдармен жабдықталған, 2023 жылы жасалған №23 келісім шарт негізінде «БАҚ-КТ» ЖШС қызметін жүзеге асырады.

«ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің Қостанай облысының төтенше жағдайлар басқармасы» РММ 2023 жылдың 03.05 №37 тексеріс актісі, «ҚР

Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қостанай облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Қостанай қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ 2023 жылдың 06.04 №18 тексеріс актісі

Дабыл батырмасы орнатылған, 2023 жылы жасалған №22 келісім шарт негізінде "TITAN-KZ" ЖШС қызметін жүзеге асырады.

Мектеп Интернет желісіне қосылған 186 компьютерлік техникамен жабдықталған. Компьютерлік техника саны – 233, соның ішінде 47 жарамсыз. Мектепте 1 компьютерге 2 оқушыдан келеді. Мектеп "Қазақтелеком" АҚ-мен келісімшартпен кең жолақты Интернетке екі нүктеден қосылған. Бірінші нүкте Интернет жылдамдығы 30 Мбит/с болатын Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі (ЕШДИ) арқылы интернет желісіне қол жеткізу қызметі қосылған. Екінші нүкте 20 Мбит/с жылдамдық Интернетпен қосылған. Мектепте Wi-Fi сымсыз технологиясы 3 нүктеде орнатылған. Білім беру процесінде Bilimland.kz сандық білім беру ресурсы белсенді пайдаланылады. 2020 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін Bilimland.kz сандық білім беру ресурсының қосымша OnlineMektep.org платформасы қолданылып келеді. Ресурстарға қол жеткізу барлық педагогикалық ұжымға, барлық білім алушыларға жеке логин мен пароль арқылы қамтамасыз етіледі.

Мектепті басқару бөлімінің кабинеттері келесі жабдықтармен жабдықталған: директор – 1 компьютер жиыны, 1 ноутбук, 1 көпфункционалды құрылғы (МФУ), 1 түрлі-түсті принтер; қабылдау бөлімі – 3 компьютер жиыны, 3 МФУ; директордың бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары – 1 компьютер жиыны, 1 МФУ, 1 камера, 1 құлаппап; директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары – 2 компьютер жиыны, 2 МФУ, 2 камера, 2 құлаққап; директордың тәрбие жөніндегі орынбасары – 1 компьютер жиыны, 1 МФУ; директордың ақпараттық-технология жөніндегі орынбасары – 1 компьютер жиыны, 1 МФУ, 1 колонка, 1 камера, 1 құлаққап; директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары – 1 компьютер жиыны, 1 МФУ; интернат меңгерушісі – 1 компьютер жиыны, 1 МФУ; әлеуметтік педагог және менеджер – 2 компьютерлік жиын, 1 МФУ, 1 принтер, 1 түрлі-түсті принтер; әдістемелік кабинет – 3 компьютерлік жиын; психолог кабинеті – 1 компьютер жиыны, 1 принтер; бухгалтерия – 3 компьютерлік жиын, 3 МФУ.

Мектептің электрондық поштасы shodaltynsarin@edu.kz ақпараттық қауіпсіздіктің бірыңғай талаптарына сәйкес mail.edu.kz қазақстандық ресурспен жүзеге асады.

Мектептің ресми интернет-ресурсы болып табылатын мектеп сайтының адресі edu.kz үшінші деңгейлі домендік атаумен жұмыс жасайды, сайттың адресі <https://shodaltynsarin.edu.kz/kz>. Сонымен қатар мектепті ақпараттандыру әлеуметтік желілерде жүзеге асады. Instagram желісіндегі парақша <https://www.instagram.com/ybyrai.mektep>, Фейсбук желісіндегі

парақша <https://www.facebook.com/ybyrai.mektep/>, Youtube желісіндегі парақша <https://www.youtube.com/@Altynsarin.gimnazia>.

Мектепте ағымдағы оқу жылына бекітілген ақпараттандыру жоспарына сәйкес бірқатар міндеттер іске асырылады: "Kundelik" ААЖ, ҰББДҚ қолжетімділігін, дұрыстығын және уақытылы толтырылуына мониторинг жасап отыру, білім беру процесінде техникалық құралдар мен ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша консультациялық қолдау, білім беру процесінде АКТ қолдану бойынша оқыту семинарлары, педагогикалық ұжымды ақпараттық қауіпсіздік саясатымен таныстыру, т.с.с.

6-бөлім. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Кітапхана оқу-тәрбие процесі мен ғылыми зерттеулерді әдебиеттер мен ақпараттық материалдармен қамтамасыз ететін мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының құрылымдық бөлімшесі, сондай-ақ білімді тарату, рухани, зияткерлік қарым-қатынас, мәдениет орталығы болып табылады.

Кітапхананың жұмыс режимі - 09.00-ден 18-00 ге дейін. Аптаның демалыс күндері-сенбі, жексенбі. Санитарлық күн - әр айдың ең соңғы күні. Кітапхана мектеп басшысы құрған жоспар бойынша жұмыс істейді. Кітапхананың меңгерушісі Кабдулина Сауле Утегеновна, жоғары білім, мамандығы кітапханашы-библиограф. Жұмыс өтілі: кітапханашы қызметінде 36 жыл, осы мекемеде 9 жыл. Шымкент мәдениет институтын «Кітапханатану-библиография» 2001 жылы бітірген. Кітапханалар жұмысында ақпараттық технологияларды дамыту бойынша қалалық және облыстық семинарларға қатысты. "Орта және кәсіптік білім беру жүйесінің кітапханаларында медиа және ақпараттық сауаттылықты оқытудың заманауи тәсілдері" тақырыбы бойынша 2023 курстарының соңғы жылы.

Оқу және көркем әдебиет қорымен жұмыс

Жаңа буынның барлық оқулықтары ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2023-2024 оқу жылына арналған бекітілген тізбеге сәйкес келеді. Оның ішінде: қорландыру циклі бойынша 11 сынып оқулықтары – 2020 жылғы басылымдар, 9-10 сынып - 2019 жылғы басылымдар, 6-8-сынып - 2018 жылғы басылымдар, 5-7 сынып – 2017 жылғы басылымдар. Оқулықтар қоры 4 жыл сайын қорландыру циклі бойынша жаңартылып отырады. Кітап қоры бойынша көрсеткіштер динамикасы төмендеді, өйткені 2022-2023 жылдан бастап оқу қорын есептен шығару жүргізілді. Оқу бағдарламасынан шыққан басылымдарды және мазмұны бойынша ескірген, есептен шығару қордың құрамын және оның бақылау көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді.


Салалық әдебиет қоры да төмендетілді, қорда дублеттік әдебиет көп жиналғаннан, акт бойынша қала мектептерінің кітапханаларына берілген.



Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру аясында соңғы екі жылда мектеп кітапханасына көркем әдебиеттің түсуі байқалады.

Бүгінгі таңда көркем әдебиет қоры жасақталған:

- жаратылыстану ғылымдары бойынша әдебиеттер саны –214
- математика және информатика бойынша әдебиеттер саны –135
- қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар және әдебиеті бойынша әдебиеттер саны;
- әмбебап мазмұндары саны –932
- тіл білімі және әдебиеттану бойынша әдебиеттермен саны –957
- көркем әдебиеттер саны –4587
- өнер, педагогика, халықтық білім, мәдениет туралы әдебиеттер саны -132



Негізгі қордың талдауы кітапханада бар әдебиеттердің көп бөлігі 1949-2018 жылдар аралығында жарияланғанын көрсетеді. Соңғы 5 жылда кітапханада бар кітаптардың тек 7% - ы ғана басылып шықты, дегенмен мектеп кітапханасының қоры жаңа әдебиеттермен толықтырылуда.

Кітапхана қоры жаңартылған бағдарлама бойынша оқулықтармен және оқу құралдарымен жабдықталған – 12003 дана (62,3%).

Оқушылардың параллельдер бойынша оқу әдебиеттері мен және оқулықтар мен қамтамасыз етілуі

Сынып	Оқушылар саны	Параллельдер бойынша оқу әдебиеттерінің жиынтығы	Қамтамасыз ету
5	72	100	100%
6	74	95	100%
7	49	95	100%
8	39	90	100%

9	51	80	100%
10	40	90	100%
11	47	87	100%

Жыл сайын облыстық және республикалық маңызы бар "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда", "Білімді ел", "Ана тілі", "Қазақстан кәсіподағы", "Қазақстан мұғалімі", "Костанайские новости", "Қостанай таңы", "Учительская плюс" газеттері мен журналдарын жазып отырамыз.

Жыл сайын дәстүрлі емес құралдардағы оқулықтар мен әдістемелік құралдардың саны артып келеді. Кітапхананың оқу қорында 1678 дана электронды CD дискілер бар.

"Жалпы білім беретін мектеп кітапханасы туралы Үлгі ережеге" сәйкес оқу қоры негізгі қордан бөлек қоймада сақталады. Кітаптар сыныптар мен атаулар бойынша бөлінеді.

Кітапханаға түскен барлық кітаптар құжаттармен тексеріледі. Кітаптар техникалық өңдеуден өтеді. 1-ші және 17-ші беттерде кітапхана мөрі мен түгендеу нөмірі қойылады.

Құжаттардағы жазбалар уақытылы және ұқыпты жүргізіледі. Салалық әдебиет қоры КБЖ кестелеріне сәйкес орналастырылған. Кестенің негізі бөлімдері туралы ақпарат оқырмандар назарына ұсынылды.

Қойылған міндеттерді іске асыру үшін мектепте қажетті нормативтік-құқықтық база қарастырылған.

Құжаттардағы жазбалар уақытылы және ұқыпты жүргізіледі. Салалық әдебиет қоры КБЖ кестелеріне сәйкес орналастырылған. Кестенің негізі бөлімдері туралы ақпарат оқырмандар назарына ұсынылды.

Жыл бойы оқулықтарды сақтау белгілі мақсатқа бағытталып жұмыс жүргізіледі. Оқулықпен жұмыс оқу жылы бойы жүргізіледі. Оқулықтарды тексеру мақсатында сыныптарға 2 рет рейд жүргізіледі, рейд қорытындысы мұғалімдерге айтылып, олардың оқулыққа көзқарасы жайында жедел ақпарат беріліп отырылады. Оқу жылының аяғында оқулық тапсыру кезінде жақсы нәтижелер есепке алынады, оқулықтарды қабылдауға ерекше мән беріледі. Кітапханадағы кітап қоры сөрелерде тігінен және көлденең сақталады. Оқулықтар жеке бөлмеде сынып және пәндер бойынша қойылады. Оқулықтарды кітапханаға тапсыру кезінде кітаптың жағдайына назар аударылады, қажет жағдайды оқушы ұсақ жөндеу жұмысын орындайды. Қарыз оқушылармен жұмыстар жүргізіледі: тізім және жеке ескертулер жасалады, сынып жетекшілері және тәрбиешілері арқылы ескертіліп отырады.

Оқырмандармен жұмыс

Оқырмандармен жұмыс – кітапхананың негізгі жұмыстарының бір бағыты. Кітапханалық қызмет көрсету «Кітапхана ереже», «Кітапхананы пайдалану ережесі» сәйкес жүзеге асырылады. Оқырмандар кітапхана қорынан библиографиялық және анықтама-ақпараттық қызмет көрсетуді пайдалана отыра, уақытша пайдалануға басылымдар мен басқа да баспа түрлерін алып, бұқаралық іс-шараларға қатысады. Іс-шаралар еркін кітапхана

қолданушысы тұлғасын қалыптастырып, оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқу бағдарламаларын жетік меңгерулеріне көмектеседі.

Кітапханада "Кітапхана күнделігі" (дәстүрлі және электронды) жүйелі түрде жүргізілуде, онда оқырмандардың саны, топтардың құрамы, кітапханаға келушілердің саны, берілген басылымдар тіркеледі.

Кітапханада барлығы 423 адамға қызмет көрсетіледі. Кітапханада оқырмандардың келесі топтары көрсетілген: оқушылар -368 адам (86,9%), педагог қызметкерлер -45 адам (10,6%), басқалар - 10 адам (2,3%)

Негізгі көрсеткіштерді салыстыру кестесі

Оқу жылы	Кітап қоры	Оқырмандар саны	Келушілер саны	Кітап беру саны
2023-2024	19260	423	7225	7923
2022-2023	19260	423	7223	7921
2021-2022	31337	435	1735	3942

2021-2022 оқу жылы 2 тоқсан мектеп оқушылары қашықтықтан оқуғаннан көрсеткіштердің саны азайған.

2022-2023 оқу жылында кітапханадағы оқырмандар саны азайды, бұл мектептегі оқушылар санының қозғалысына байланысты. Оқырмандар санының төмендеуіне қарамастан, келушілер саны мен кітап беру, кітап оқу көрсеткіштерінің динамикасы артып келеді.

2023-2024 оқу жылында кітапханадағы оқырмандар саны сол деңгейде қалды, келушілер саны мен кітап беру, кітап оқу көрсеткіштерінің динамикасы артып келеді.

Негізгі салыстырмалы көрсеткіштерді салыстыру кестесі

Оқу жылы	Келушілер	Кітаппен қамтамасыз ету	Айналым	Оқылым
2023-2024	17	17	1	18,7
2022-2023	17	17	1	18,7
2021-2022	13,2	16,3	0,8	14,6

Бұқаралық жұмыс

2018–2019 оқу жылынан бастап мектебімізде оқушылар арасында «100 кітап» жобасы енгізілді. Бүгінгі таңда «100 кітап» жобасы қазақтың тарихын, туған жердің мәдениетін, үштілдікті, сонымен қатар, басқа ұлттардың мәдениетіне толеранттылықпен қарауды қазақ орыс, ағылшын тіліндегі көркем шығармалар арқылы ұғындыруға бағытталған.

2019–2020 оқу жылынан бастап мектебімізде оқушылар арасында 100 кітап оқуды насихаттап, оқуға деген қызығушылығын арттырып, көпшілік алдында сөйлеу мәнерін қалыптастыру бағытында «READx» жобасы енгізілді. «READx» оқи отырып, өзіне жаңа мәліметтер алған, жаңалықтар ашқан қызықты адамдардың адамдарға шабыт сыйлар көпшілік алдындағы сөзі. Кітап оқудың арқасындағы бұл ашылулар көпшілікке таратуға болатындай тәжірибе. «READx» сөйлеушілерінің білімі мен тәжірибесі олар туралы көпшіліктің білуге тұрарлық еңбек

Кітапханалық кеңістіктің ақпараттандырылуы

Жаңа білім беру стандартына сәйкес мектеп кітапханасына қойылған талаптардың бірі – оның міндетті техникалық жарақтандыруы болып табылады. Қойылған міндеттерді шешу үшін кітапханада компьютерлік аймағы бөлінген. Ақпараттарды басып шығару үшін жабдықталған үш компьютер жұмыс істейді, бір компьютерде сканер және принтер бар. Барлық компьютерлер интернетке қосылған. Оқу залында жұмыс істеу үшін 4 нетбук бар. Қазіргі уақытта кітапхананың оқу және салалық қоры Exsell бағдарламасымен жұмыс істейді, сондықтан бар жұмысты жеңілдетеді. Мектеп сайтында «Мектеп кітапхана» парағы құрылуда. Қазіргі заманғы кітапханалар технологиямен қаруланып қана қоймай, әлеуметтік желілерді де игеруде. Instagram танымал әлеуметтік желісінде мектеп кітапханасында оқырмандармен диалогта қалуға, олармен қызықты оқиғалар мен өткізілген іс-шаралармен бөлісуге көмектесетін парақша бар.

7-бөлім. Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын өлшемшарттар:

- ЖП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелер)

Білім сапасы мен үлгерімі

Соңғы үш жылдың көрсеткіштері (білім сапасы)

	5-9 сынып	10-11 сынып	Жалпы
2021-2022 оқу жылы	79%	82,9%	80,2%
2022-2023 оқу жылы	85,4%	94,1%	87,8%
2023-2024 оқу жылы	87,72%	97,87%	90,05%
Динамика	+8,72%	+14,97%	+9,85%

Соңғы үш жылда білім сапасы негізгі орта буында білім сапасы +8,72% , жалпы орта буында +14,97% артқандығы, оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы +9,85% артқан.

Үш жылғы үздіктер мен екпінділер саны:

	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.
Үздіктер саны	51	54	48
Екпінділер саны	260	271	287

2023-2024 оқу жылында әр тоқсан бойынша білім сапасы:

	5-9 сынып	10-11 сынып	Жалпы
2023-2024 оқу жыл(1 тоқсан)	77,51 %	87,64%	79,89%
2023-2024 оқу жыл(2 тоқсан)	77,19%	93,18%	80,97%

2023-2024 оқу жыл(3 тоқсан)	80%	93,18	83,11
2023-2024 оқу жыл(4 тоқсан)	78,95%	91,95%	81,99%
2023-2024 оқу жылы	87,72%	97,87%	90,05%
Динамика	+10,21%	+10,83%	+10,16%

2023-2024 оқу жылының соңын жыл басындағы көрсеткіштермен салыстырғанда негізгі орта буында білім сапасы +10,21%, жалпы орта буында +10,83% артқандығы, оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы +10,16% артқан.

2023-2024 оқу жылындағы үздік, екпінді оқушылар жөнінде мәлімет:

	Үздіктер саны	Екпінділер саны
2023-2024 оқу жылы 1 тоқсан	31	267
2023-2024 оқу жылы 2 тоқсан	36	266
2023-2024 оқу жылы 3 тоқсан	42	263
2023-2024 оқу жылы 4 тоқсан	41	264
2023-2024 оқу жылы	48	287

Білім сапасы (пәндер бойынша): негізгі орта, жалпы орта деңгейлер (2021-2022; 2022-2023; 2023-2024 оқу жылдарындағы білім сапасы көрсеткіштері бойынша есеп).

Оқушылардың 3 жылдағы пән бойынша білім сапасы

Пән	2022 ж	2023 ж	2024 ж.
Қазақ тілі	95 %	96 %	97%
Қазақ әдебиеті	93 %	95 %	96%
Орыс тілі және әдебиеті	97 %	99 %	99%
Ағылшын тілі	96 %	97 %	98%
Математика	85 %	95 %	91%
Алгебра, алгебра және анализ бастамалары	90 %	92 %	94%
Геометрия	96 %	94 %	93%
Информатика	100%	99 %	99%
Жаратылыстану	99 %	100 %	97%
География	97 %	98 %	98%
Биология	99 %	98 %	97%
Физика	91 %	94 %	97%
Химия	95 %	98 %	99%
Дүниежүзі тарихы	99 %	99 %	98%
Қазақстан тарихы	98 %	98 %	98%
Құқық негіздері	96 %	98 %	99%

Соңғы үш оқу жылдың ішіндегі динамика: Осу байқалады: қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, алгебра және анализ бастамалары, география, физика, химия, құқық негіздері. Кему динамикасы:

математика пәні бойынша, геометрия, информатика, жаратылыстану, биология, дүниежүзі тарихы. Тұрақты динамика: Қазақстан тарихы бойынша.

Ең жоғары пайыздық көрсеткішті көрсетіп отырған пәндер: орыс тілі мен әдебиеті, информатика, химия, құқық негіздері. 2023-2024 оқу жылы мектептің білім сапасы 90,05% құрап тұр, салыстырмалы түрде барлық пәндер бойынша білім сапасы мектептің білім сапасынан жоғары көрсетіп тұр.

9,11-сыныптардың пәндер бойынша білім сапасы

9-сынып			
Пәні	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.
Қазақ тілі	88,1 %	97,8 %	100%
Қазақ әдебиеті	82,1 %	91,4 %	96%
Орыс тілі және әдебиеті	94 %	95,7 %	100%
Ағылшын тілі	92,5 %	97,8 %	100%
Алгебра	94 %	91,4 %	92%
Геометрия	91 %	91,4 %	96%
Информатика	100 %	100 %	100%
География	88,1 %	95,7 %	98%
Биология	97 %	95,7 %	98%
Физика	86,6 %	87 %	100%
Химия	89,6 %	93,6 %	98%
Қазақстан тарихы	98,5 %	97,8 %	100%
Дүниежүзі тарихы	100 %	97,8 %	100%
Құқық негіздері	89,6 %	93,6 %	96%

2022-2024 оқу жылдары 9-сыныптың негізгі пәндер бойынша білім сапасының динамикасы:

Өсім байқалады: қазақ тілі +11,9%, қазақ әдебиеті +13,9%, орыс тілі мен әдебиеті +6%, ағылшын тілі +7,5%, геометрия +5%, география+9,9%, биология +1%, физика +13,4%, химия +8,4%, Қазақстан тарихы +1,5%, құқық негіздері +6,4%.

Кему байқалады: алгебра -2%,

Тұрақтылық сақталады: информатика тұрақты, дүниежүзі тарихы тұрақты.

11-сынып			
Пәні	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.
Қазақ тілі	100 %	100 %	100%
Қазақ әдебиеті	100 %	100 %	98%
Орыс тілі және әдебиеті	100 %	100 %	100%
Ағылшын тілі	100 %	100 %	100%
Алгебра және АБ	85,9 %	96 %	100%
Геометрия	100 %	98,1 %	100%

Информатика	100 %	100 %	100%
География	100 %	100 %	100%
Биология	100 %	100 %	100%
Физика	100 %	100 %	100%
Химия	100 %	100 %	100%
Қазақстан тарихы	100 %	100 %	100%
Дүниежүзі тарихы	100 %	100 %	100%
Құқық негіздері	100 %	100 %	100%

2022-2024 оқу жылдары 11 сыныптың негізгі пәндер бойынша білім сапасының динамикасы: Өсім байқалады: алгебра және анализ бастамалары +14,1%; Келесідей пәндерден тұрақтылық сақталады: қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті, ағылшын тілі, геометрия, информатика, география, биология, физика, химия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау нәтижелері.

2023-2024 оқу жылы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 04 қазандағы №304 бұйрығы «Орта білім беру ұйымдарында 2023-2024 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» және «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 2023 жылғы 05 қазандағы № 580 бұйрығы, «Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ 2024 жылғы 04 мамырдағы «Мектеп-гимназия-интернатта 2023-2024 оқу жылын аяқтауды ұйымдастыру және білім алушыларды қазақ тілі пәнінен аралық аттестаттауды, 9,11 сыныптарда қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» №250 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды. Бұйрықтарға сәйкес:

Мектеп-гимназия-интернатта 5-11 сыныптарда оқу сабақтары 2024 жылғы 25 мамырды қоса алғанда аяқталды;

5-8, 10 сынып білім алушылары арасында қазақ тілі пәнінен емтихан-2024 жылдың 27-31 мамыр аралығында өткізілді;

9 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында өткізілді;

11 -сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2024 жылғы 28 мамырдан бастап 11 маусым аралығында өткізілді;

Қазақ тілі оқу пәнінен аралық аттестаттауды өткізудің мерзімдері 5-7 сыныптар үшін-2024 жылғы 27 мамыр; 8,10 сыныптар үшін-2024 жылғы 30 мамыр өткізілді.

Мектепте оқушылар, ата – аналар мен мұғалімдер арасында педагогикалық кеңесте, ата – аналар жиналысында, сынып сағаттарында оқушылардың мектепті бітірулері жөнінде қорытынды, аралық аттестаттау бойынша түсініктеме жұмыстары жүргізілді.

9,11 сынып білім алушыларын қорытынды аттестаттауға және 5-8, 10 сынып білім алушыларын қазақ тілі пәнінен емтиханға дайындығы сапалы ұйымдастырылды, дайындық сабақтары арнайы кесте арқылы жүргізілді.

Емтихан аралығында кестеге сәйкес, мектеп-гимназия-интернатта тыныштық пен тәртіпті сақтау үшін кезекшілік ұйымдастырылды. Қазақ тілі оқу пәнінен аралық аттестаттауды және 9,11 сынып білім алушыларына қорытынды аттестаттауды қабылдау үшін комиссия құрамы бекітілді. Қорытынды және аралық аттестаттауды жүргізу барысында жауапты тұлғалар өз міндеттерін жауапкершілікпен атқарды.

Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілді:

9 -сынып оқушылары үшін:

- 1) қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2024 жылғы 29 мамыр;
- 2) алгебра бойынша жазбаша емтихан 2024 жылғы 3 маусым;
- 3) орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 6 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (химия, география, шет тілі (ағылшын) – 2024 жылғы 10 маусым;

11 -сынып оқушылары үшін:

- 1) қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан – 2024 жылғы 28 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 2024 жылғы 31 мамыр;
- 3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2024 жылғы 4 маусым;
- 4) орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2024 жылғы 7 маусым;
- 5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (химия, биология, география, геометрия, қазақ әдебиеті, шет тілі (ағылшын), информатика) – 2024 жылғы 11 маусым.

2023-2024 оқу жылы қазақ тілі оқу пәнінен аралық аттестаттау бойынша

«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ 2024 жылғы 01 ақпанындағы № бұйрығы негізінде қазақ тілі пәні мұғалімдері емтихан тапсырмаларын академиялық адалдық қағидаттарын сақтай отырып құрастырды.

Қазақ тілі оқу пәнінен аралық аттестаттауға жалпы 274 оқушы қатысты, оның ішінде 5 сынып-72 оқушы, 6 сынып-74 оқушы, 7 сынып-49 оқушы, 8 сынып-39 оқушы, 10 сынып-40 оқушы.

Байқау емтиханына қатысушылар туралы мәлімет: (сыныптар кесіндісінде)

Сыныбы	Білім алушылардың саны	Қатысқандар	Қатыспағандар саны,себебі
5А	24	24	0
5Б	24	24	0
5В	24	24	0

6А	25	25	0
6Б	25	25	0
6В	24	24	0
7А	25	25	0
7Б	24	24	0
8А	23	23	0
8Б	16	16	0
10А	15	15	0
10Б	25	25	0
Барлығы	274	274	0

Аралық емтихан тапсырушылардың сандық көрсеткіштері:

Сыныбы	қатысқандар	Оның ішінде				Білім сапасы %	Үлгірімі %
		"2"	"3"	"4"	"5"		
5 сынып	72	0	3	52	17	96%	100%
6 сынып	74	0	5	44	25	93%	100%
7 сынып	49	0	1	21	27	98%	100%
8 сынып	39	0	5	25	9	87%	100%
10 сынып	40	0	1	23	16	98%	100%
Барлығы	274	0	15	165	94	95%	100%

Жылдық көрсеткішпен салыстырмалы талдау:

Сыныбы	қатысқандар	Жылдық білім сапасы %	Емтихан білім сапасы %	Динамика	Жылдық үлгірімі %	Емтихан үлгірімі %
5 сынып	72	96%	96%		100%	100%
6 сынып	74	95%	93%	-2%	100%	100%
7 сынып	49	98%	98%		100%	100%
8 сынып	39	92%	87%	-5%	100%	100%
10 сынып	40	100%	98%	-2%	100%	100%
Барлығы	274	96%	95%	-1%	100%	100%

Қазақ тілі оқу пәні бойынша емтихан нәтижесін жылдық көрсеткішпен салыстырғанда оқу үлгірімі тұрақты, оқу сапасы тұрақты сыныптар 5 сыныптар, 7 сыныптар. Теріс көрсеткіш көрсетіп тұрған 6, 10 сыныпта -2%, 8 сыныпта -5%. Жалпы 5-8,10 сыныптарда қазақ тілі оқу пәні бойынша білім сапасы -1% ауытқу бар.

Емтихан материалдарын құрастыру барысында сөйлем әрекетінің үш түріне байланысты келесідей оқу мақсаттары алынды және жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны бойынша төмендегідей көрсеткіштер анықталды.

Сөйлем әрекеті	Оқу мақсаты коды	Жиынтық бағалау балдарының пайыздық мазмұны			Сапа%	Үлгерімі%
		төмен	орта	жоғары		
		0-39%	40-84%	85-100%		
Оқылым	5.2.6.1 6.2.6.1 7.2.6.1 8.2.6.1 10.2.5.1	8	206	60	97	100
Жазылым	5. 3.4.1 6.3.4.1 7.3.4.1 8.3.4.1 10.3.3.1	9	191	74	93	100
Әдеби тіл нормалары	5.4.1.1 5.4.4.1 5. 4. 4. 4 5. 4. 4. 3 6.4.1.1 7.4.4.3 8. 4. 4. 1 8. 4. 4. 2 8.4.4.3 8. 4. 4. 4 10.4.4.1	46	169	59	78	96

Жоғары нәтиже көрсетіп отырған оқылым, жазылым дағдылары болса, әдеби тіл нормалары әрекеті бойынша оқушылардың басым бөлігімен жұмыс жасау қажет екенін байқауға болады.

Оқушылардың жұмыстарынан қиындық тудырған мәселелерді анықталды. Эссе жазу барысында грамматикалық және стилистикалық қателер көп жіберді. ӨТН бойынша жұмыс істеу керек. Таза жазу, эссе құрылымын сақтау, нақты жазуға үйрену. Сыныптар бойынша орташа балл: 5 сынып-4,24; 6 сынып-4,36; 7 сынып-4,56; 8 сынып-4,26; 10 сынып-4,36.

Негізгі орта білім беру бағдарламасын меңгерген 9 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауы:

2023-2024 оқу жылында 9 сыныптарда білім алушылар саны 51, барлығы негізгі орта білім беру курсы аяқтады, барлық 51 оқушы қорытынды аттестаттауға жіберілді. Қорытынды аттестаттауға жіберілген 51 оқушы келесідей пәндерді таңдауға алды:

химия	география	ағылшын тілі
6	13	32

Жалпы оқушы құрамынан химияны-12%, географияны-25%, ағылшын тілін-63%,

Емтихан тапсырушылардың пәндер бойынша сандық көрсеткіштер келесідей.

№	9 сынып	Оқушы саны	Пән: қазақ тілі					
			«5»	«4»	«3»	«2»	сапа%	үлгерім%
1	Емтихан бағасы	51	19	31	1	0	98	100

Қазақ тілінен білім сапасы жылдық нәтижеге қарағанда 2%-ға кеміген.

№	9 сынып	Оқушы саны	Пән: алгебра					
			«5»	«4»	«3»	«2»	сапа%	үлгерім%
1	Емтихан бағасы	51	11	37	3	0	94	100

Алгебра пәні бойынша білім сапасы 2%-ға өскені байқалады.

№	9 сынып	Оқушы саны	Пән: орыс тілі мен әдебиеті					
			«5»	«4»	«3»	«2»	сапа%	үлгерім%
1	Емтихан бағасы	51	20	31	0	0	100	100

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен білім сапасы тұрақты, жылдық білім сапасы мен емтихан нәтижесі 100% құрайды.

Таңдау пәндері бойынша емтихан нәтижелері төмендегідей:

№	9 сынып	Оқушы саны	Таңдау пәндері					
			«5»	«4»	«3»	«2»	сапа%	үлгерім%
1	ағылшын тілі	32	17	14	1	0	98	100
2	химия	6	3	3	0	0	100	100
3	география	13	3	10	0	0	100	100

География пәнін 13 оқушы таңдады жылдық нәтижемен салыстырғанда білім сапасы тұрақты 100%. Химия пәнін 6 оқушы тапсырды, 1 оқушының жылдық бағасы қанағаттанарлық, ал емтиханды жақсы деген бағаға тапсырған. Салыстырмалы түрде химия пәнінен білім сапасы жылдық көрсеткіштен 18% артты.

Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгерген 11-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау:

11 сыныпты аяқтаған мектеп бітірушілердің жалпы саны 47 оқушы. Емтиханнан 2 оқушы денсаулығына байланысты «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 2024 жылғы 27 мамырдағы №405 бұйрығымен босатылды. олар Мукашева Малика Маратқызы 11а сынып оқушысы, Хамит Диана Ниязбекқызы 11а сынып оқушысы. Барлығы қорытынды аттестаттауға 45 оқушы жіберілді.

Мемлекеттік бітіру емтихандарына жіберілген 45 оқушы келесідей пәндерді таңдауға алды:

биологи я	геометри я	географи я	ағылшы н тілі	информатик а	Қазақ әдебиет і	хими я
2	4	7	17	5	3	7

Таңдау пәндері бойынша контингент құрамы жалпы түлек құрамынан келесідей пайызды құрайды: биологияны-4%, геометрияны -9%, географияны-16%, ағылшын тілін-37%, информатиканы-11%, қазақ әдебиетін-7%, химияны-16% таңдаған.

Емтихан тапсырушылардың пәндер бойынша сандық көрсеткіштер келесідей.

№	11 сынып	Оқушы саны	Пән: қазақ тілі					
			«5»	«4»	«3»	«2»	сапа%	үлгерім%
1	Емтихан бағасы	45	23	22	0	0	100	100

Қазақ тілі пәні бойынша білім сапасы тұрақты.

№	11 сынып	Оқушы саны	Пән: алгебра және анализ бастамалары					
			«5»	«4»	«3»	«2»	сапа%	үлгерім%
1	Емтихан бағасы	45	11	34	0	0	100	100

Алгебра және анализ бастамалары пәні бойынша білім сапасы 4% артқан.

№	11 сынып	Оқушы саны	Пән: Қазақстан тарихы					
			«5»	«4»	«3»	«2»	сапа%	үлгерім%
1	Емтихан бағасы	45	18	27	0	0	100	100

Қазақстан тарихынан білім сапасы тұрақты.

№	11 сынып	Оқушы саны	Пән: Орыс тілі мен әдебиеті					
			«5»	«4»	«3»	«2»	сапа%	үлгерім%
1	Емтихан бағасы	45	20	25	0	0	100	100

Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен жылдық сапа мен емтихан нәтижесінің айырмашылығы жоқ. Сапа 100%.

№	11 сынып	Оқушы саны	Таңдау пәндері					
			«5»	«4»	«3»	«2»	сапа%	үлгерім%
1	биология	2	0	2	0	0	100	100
2	геометрия	4	2	2	0	0	100	100
3	география	7	2	5	0	0	100	100
4	ағылшын тілі	17	13	4	0	0	100	100
5	информатика	5	2	3	0	0	100	100
6	қазақ әдебиеті	3	1	2	0	0	100	100
7	химия	7	7	0	0	0	100	100

Таңдау пәндерінің білім сапасын жылдық көрсеткішпен салыстырғанда тұрақты 100%.

2023-2024 оқу жылы негізгі орта білім, жалпы орта білім аттестатын беру туралы:

Негізгі орта білім туралы аттестат 2024 жылдың 11 маусым күні 51 оқушыға, оның ішінде Үздік аттестат-3 білім алушыға, негізгі орта білім туралы аттестат-48 оқушыға берілді. Үздік аттестат алған: Билгібай Сания Ықыласқыз-9а сынып оқушысы, Бекмұхамбетов Ілияс Оразбайұлы, Касымова Алтынай Мырзабекқызы-9б сынып оқушылары.

Жалпы орта білім туралы аттестат 2024 жылдың 14 маусым күні 47 білім алушыға, оның ішінде жалпы орта білім туралы "Алтын белгі" аттестаты 2 оқушыға (11 б сынып оқушылары Утилиева Айдана Маратовна, Даушева Айя Мендығалиевна), қалған 45 оқушыға жалпы орта білім туралы аттестат берілді.

Үш жылғы «Алтын белгі» мен «Үздік аттестат» иегерлері

Аттестат	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.	Жалпы
«Алтын белгі»	4(6%)	2 (4%)	2(7%)	8
«Үздік аттестат»	5(8%)	4(8)%	0	9

Үш жылдың ішінде Алтын белгіге аяқтаған оқушылардың сандық құрамы кемісе де, пайыздық көрсеткіші өскендігін атап өтуге болады.

- Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

2023-2024 оқу жылы: 2023-2024 оқу жылы мектеп педагогтары жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру барысында келесі нормативтік құқықтық актілерді негізге алды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 "Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" бұйрығы, «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының 2 тарауы. Жиынтық бағалаудағы оқу мақсаттары «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы сәйкес яғни оқушылардың өткен материалдарын қамтиды. Жиынтық бағалау тапсырмалары жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптарға сәйкес келеді. ҚР БҒМ №125 бұйрығына сәйкес

өлшенетін критерийлерді баллмен есептеу сақталған. БЖБ үшін максималды балл 5-11 сыныптарда 7-ден кем емес және 20-дан артық емес. Білім алушыларының оқу жетістіктерін формативті бағалау 1- 10 балл аралығында жүргізіледі. Формативті бағалау, БЖБ және ТЖБ қорытындысы бойынша баллдар электрондық журналға қойылады. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып, тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады. ТЖБ кезінде академиялық адалдықты сақтауды, жауаптарды көшіріп алу жағдайларының алдын-алу мүмкіндігі қарастырылады. Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге жол берілмейді. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Мұғалімдер оқу бағдарламасына сәйкес, бөлім, тоқсан, жартыжылда өткен оқу материалының мазмұны бойынша жиынтық жұмыстардың тапсырмаларының бірнеше нұсқасын әзірлейді. Даулы мәселелер туындаған жағдайда ТЖБ бағасы қойылғанға дейін бір күннен кешіктірмей модерация жүргізіледі. "Көркем еңбек", "Музыка", "Дене шынықтыру", "Кәсіпкерлік және бизнес негіздері", "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық", "Зайырлылық және дінтану негіздері" пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді және тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша "есептелінді" ("есептелінген жоқ") деген белгі жазылады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес бөлім бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша талдау жүргізіледі.

8-бөлім. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

- “Педагог-шебер” біліктілік санаты бар мұғалімдердің болмауы;
- Оқу үдерісінің сапасын арттыру үшін материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі;
- Психологиялық қызметте ата аналармен жұмыс жасауда қиындықтар туындайды.
- Оқушылардың дарындылық бағыттарын анықтауда диагностикалық жұмыстар нәтижесі бойынша ата-аналармен, пән мұғалімдері мен сынып жетекшілермен жұмыс жоспар бойынша тұрақты нәтижесін бермеуде.
- Кітапхананың цифрлық бағдарламалармен жабдықталмағаны.

Шешу жолдары:

- Республикалық деңгейде озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және тарату бойынша педагогикалық ұжымның жұмысын жандандыру;
- Қазіргі заманауи оқу және спорт жабдықтармен материалдық- техникалық, ақпараттық-техникалық құралдармен, сандық ресурстармен қамтамасыз етуді жалғастыру;

- Сынып жетекшілерін, пән мұғалімдерін және ата-аналарды тарта отырып, балалардың дарындылығын диагностикалау бойынша жұмыс құру.
- Кітапхананы заманауи талапқа сай ақпараттық трансформациялау, электрондық каталогтарды енгізу.
- Сынып жетекшілер мен тәрбиешілердің жұмыстарын жинақтау, облыс көлемінде іс – тәжірибе таратуға ұсыну;
- «Ата – ана – мектеп – оқушы» үштігінің байланысын нығайту.
- 2024-2025 оқу жылында ата-аналар жауапкершілігімен психологиялық қызықты іс-шаралар ұйымдастыру.
- Салалық қор ескірген әдебиеттерге толы болғандықтан, жаңартуды қажет етеді.

9-бөлім. Қорытындылар мен ұсыныстар

Мектеп-гимназия-интернаттың өзін-өзі бағалау комиссиясы оқу тәрбие үдерісінің нәтижелігі мен педагогикалық ұжымның жұмысына талдау жасап, келесідей қорытынды жасады:

- Оқу тәрбие үрдісі мен әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық, жергілікті актілердің, мектеп-гимназия-интернатының жарғысының талаптарына сәйкес жұмыс атқарады.

- Мектепте білім беру Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш және негізгі орта білімнің, жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде жүзеге асырылады.

- Мектеп-гимназия интернаттың оқу жұмыс жоспары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізінде құрастырылып, жыл сайын тамыз айында өткізілетін мектептің №1 педагогикалық кеңесінде қарастырылып, білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі және білім беру саласындағы атқарушы органдары «Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасы» ММ, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен келісіледі.

- Сабақ кестесі мектеп-гимназия-интернаттың оқу жылына арналған жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалады және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» (бұдан әрі – СанПин) санитариялық қағидаларына (өзгертулермен және толықтырулар 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ - 76) сәйкес талаптар бойынша құрастырылған.

- Оқу процесі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартына, үлгілік оқу жоспарына, үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылып, жұмыс оқу жоспары «Қостанай облысы әкімдігі білім

басқармасы» ММ, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен келісіліп, іске асырылады.

- Мектеп - гимназия - интернатының тәрбие жұмысы «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2023 жылғы 11 қыркүйектегі «Білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы» №527 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 17 тамыздағы №5-04/4977-И хатына сәйкес жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білімді, адал, игі өскелең ұрпақты тәрбиелеу, балаларды патриоттық сезімге, белсенді азаматтық ұстанымға баулу мақсатында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы негізінде жүзеге асырылған;

- Педагогикалық кадр құрамы сандық және сапалық жағынан тиімді жасақталған. Мұғалімдердің барлығы жоғары педагогикалық білімі бар және дипломдарында көрсетілген мамандықтарына сәйкес қызмет жасайды.

- Педагогтардың аттестатталуы талаптарға сай өткізіліп, біліктілік санаттарды растау және беруі уақытылы жүргізіледі.

- Педагогикалық ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал құрылған. Оқу-тәрбие процесін іске асыру және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін жағдайлар жасалған.

- Мектепте педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру перспективалық жоспарына сай мұғалімдер әр үш жыл сайын біліктілік арттыру курстарынан өтуде.

- Мектеп мұғалімдері облыстық және республикалық деңгейінде кәсіби сайыстарға қатысып, жақсы нәтиже көрсетуде.

- ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті оқу компоненті оқушылардың таңдауы мен қажеттілігі негізінде жоспарланады. Нәтижесінде оқушылар зияткерлік олимпиадалар мен жарыстарда жетістіктерге жетуде.

- Халықаралық және республикалық деңгейлердегі оқушылардың нәтижелілігі – дарынды балалардың әлеуетін іске асыру бойынша педагогикалық ұжымның жұмысы жоғары деңгейде жүргізіліп жатқанын көрсетеді

- Бейіндік оқыту білім алушылардың жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. 9,11-сыныптарда кәсіптік бағдар беру жұмыстары белсенді жүргізілуде.

- Тиісті деңгейлердегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру мерзімдеріне қойылатын талаптар орындалған;

- Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптар орындалған;

- Тәрбие жұмысы ағымдағы және перспективалық жоспарлауға сай ұйымдастырылған.

- Тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылау жүргізілген.

- Тәрбие процесін қамтамасыз ететін одақтастық құрылып әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының өкілдерімен өзара іс-қимыл үйлестірілген;

- Жалпы оқушылармен жүргізілген іс – шаралар негізінде мектепте және ІІБ есепте тұрған оқушы жоқ. Келеңсіз оқиғалар тіркелген жоқ.

- Білім сапасын арттыру мақсаты бойынша педагогикалық ұжым тиімді қызмет атқарады. Соңғы үш жылда білім сапасы негізгі орта буында білім сапасы +8,72% жалпы орта буында +14,97% артқандығы, оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы +9,85% артты.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, мектеп-гимназия-интернаты қызметін өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі қорытынды жасалды: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты" КММ қазіргі заманғы деңгейде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін білікті педагогикалық ұжымның қажетті әлеуетіне ие, жалпы мәртебесіне сәйкес келетін жеткілікті материалдық-техникалық базасы бар мектеп-гимназиясына сай. Білім беру ұйымдарының бағалау критерийлеріне сәйкес "жақсы" деп бағаланады. Өзін-өзі бағалау **15.06.2024 №12 педагогикалық кеңесте** қарастырылып бекітілді.